

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

**«Жастар» ғылыми зерттеу-орталығы**

# **«Жастардың еңбек және оқу миграциясына дайындығын зерттеу»**

**Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері  
бойынша талдамалық есеп**

**Астана, 2017**

**Жастардың еңбек және оқу миграциясына дайындығын зерттеу/**  
А.Г.Кусманова, А.С.Кайдарова, Р.Р.Аюпова, Г.М.Султабаева, З.Т.Алинова –  
Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 90 б.

Бұл есеп Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жүргізілген «Жастардың еңбек және оқу миграциясына дайындығын зерттеу» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген. Жастар арасындағы еңбек және оқу миграциясының масштабтары мен тенденцияларын, жас қазақстандықтардың миграциялық көзқарастарын, білім гранттары мен бағдарламалары туралы жастардың қаншалықты ақпараттандырылғандықтарын, жастардың академиялық мобильділік бағдарламалары мен өзге де жобаларға жұмылдырылғандықтарын зерттеу нәтижелері болып табылады.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>1-тарау. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы .....</b>	<b>4</b>
1.1 Зерттеудің өзектілігі мен түсініктемесі.....	4
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері .....	4
1.3 Зерттеудің гипотезалары .....	5
1.4 Негізгі ұғымдар интерпретациясы .....	5
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі .....	6
<b>2-тарау. Қазақстандық жастардың миграциялық мінез-құлқының ерекшеліктері: потенциал, ұстанымдар мен мотивациялар .....</b>	<b>10</b>
Тарау бойынша қорытындылар.....	20
<b>3-тарау. Қазақстан жастарының оқу миграциясы .....</b>	<b>21</b>
3.1 Жастардың оқу миграциясына көзқарастары.....	21
3.2 Жастар мен мамандық таңдау факторларының кәсіби ұқсастықтары.....	30
3.3 Қосымша білім алу мен студент алмасу жөніндегі оқу бағдарламалары: артықшылықтар мен мүмкіндіктер.....	32
Тарау бойынша қорытындылар.....	38
<b>4-тарау. Қазақстан жастарының еңбек миграциясы .....</b>	<b>40</b>
4.1 Жастардың Қазақстанда және шетелде жұмысқа тұруы: кедергілер мен оларды шешу амалдары.....	40
Тарау бойынша қорытындылар.....	48
<b>5-тарау. Қазақстан жастарының құндылық ұстанымдары мен мінез-құлықтық дағдылары .....</b>	<b>50</b>
5.1 Жастардың құндылықтар иерархиясы.....	50
5.2. Жастардың өмір сүру сапасы: кәсіпкерлік бастамалар мен бос уақыттың тиімді өткізілуін ұйымдастыру.....	55
Тарау бойынша қорытындылар.....	60
<b>Қорытынды.....</b>	<b>62</b>
<b>Қосымша.....</b>	<b>65</b>

## **1-тарау. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы**

### **1.1. Зерттеудің өзектілігі мен түсініктемесі**

Бүгінгі күні орын алып отырған жағдайларға шынайы қарайтын болсақ, батыс елдерінің мәдениетінің санамызға сіңіп бара жатқандығы байқалады, мінез-құлық пен ойлау ерекшеліктеріміз де өзге ел мен басқа ұлт өкілдеріне ұқсай түсуде. Бастапқыда жастардың миграциялық саясаты оң бастама сияқты, бірақ өскелең ұрпақ бұдан тек жақсылық пен бағалы ерекшеліктерді ғана алып жатқан жоқ, кері әсерін де көруде.

Қазір көптеген қазақстандық жастар шетелге көшіп кетуге дайын. Қазақстандық жастардың түрлі оқу бағдарламалары арқылы және жұмыс жасау мақсатында әлемнің түрлі елдеріне кету үрдісі күн сайын белсенді болып бара жатыр. Жастар қазір әлемнің барлық елдеріне, кез-келген өңіріне кетіп жатыр – көпшілігі Ресей Федерациясына, АҚШ, Қытайға және басқа да елдерге кетуде. Жастардың шетелге көшуінің негізгі арнасы студент алмасу бағдарламалары, тәжірибеден өту, білім алу болып отыр. Көптеген экономикалық тұрғыда дамыған, халқының депопуляциясы байқалатын және жастарының саны азайған елдер үшін бұл өте қолайлы, тіпті қажетті миграциялық ағым. Осыған байланысты студент алмасу бойынша қарастырылған көптеген бағдарламаларды бірқатар елдердің мемлекеттік органдары қолдайды. Қазақстан бірнеше елмен білім беру жобаларын қолдау және дамыту, академиялық және ғылыми тәжірибе алмасу, еңбек миграциясы мүшелерімен алмасу бағдарламалары бойынша келісім-шарттар жасады. Бірақ бұл да жеткіліксіз, болашақта жылдан жылға артады деп күтілуде.

Жастардың көшуінде жағымды аспектілер де, жағымсыз аспектілер де бар. Позитивті салдар ретінде жастардың біліктілігін арттыруы мен білімдерін толықтыруын атауға болады, әлемді аралауға болады, ой-өрістерін кеңейтеді және шет тілін үйренеді. Десек те, еліміз үшін басты кемшілігінің бар екенін жасыра алмаймыз, бастапқыда уақытша сипатта болатын оқу және еңбек миграциясы уақыт өте келе тұрақты миграцияға ұласып жатады. Нәтижесінде, заңнама мен экономикада өзгеріс орын алып, бейресми жұмысқа қамтылу деңгейі артады.

Батыс елдерінде болып көрген жас мигранттардың ойында Қазақстаннан басқа елген тұрақты түрде көшіп кету ұстанымы қалыптасады. Өз елінде кәсіби мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік болмағандықтан, айлығы жақсы жұмысқа тұру мүмкін болмағандықтан жастар мүмкіндіктің барлығын шетелден іздейді.

### **1.2. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері**

*Зерттеудің мақсаты:* жастардың елден еңбек және оқу миграциясы арқылы кету масштабы мен тенденцияларын, жас қазақстандықтардың миграциялық ұстанымдарын анықтау.

Көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі *негізгі зерттеушілік міндеттердің орындалуы тиіс:*

- жастардың Қазақстаннан шетелдерге еңбек миграциясы арқылы кетуінің масштабы мен тенденцияларын анықтау;
- жастардың Қазақстаннан шетелдерге оқу миграциясы арқылы кетуінің масштабы мен тенденцияларын анықтау;
- жастардың академиялық мобильділікке қатысты көзқарастарын білу;
- Қазақстан жастарының академиялық мобильділік бағдарламалары мен жобаларына қаншалықты жұмылдырылғандықтарын анықтау;
- жастар ортасындағы көші-қонға бейімділікті анықтау;
- шетелге кетуді жоспарлап жүрген жастардың миграциялық ұстанымдарымен танысу;
- жастардың оқу бағдарламалары мен жобалары туралы қаншалықты ақпараттандырылғандықтарын зерттеу;
- Қазақстанның өңірлеріндегі жастардың әлеуметтік ахуалын анықтау;
- жастардың құндылық бағыттарын анықтау;
- мүдделі тұлғалар мен құрылымдар үшін еңбек және оқу миграциясын реттеу үрдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.

*Зерттеу объектісі:* Қазақстан Республикасының жасы 14-29 аралығындағы, әлеуметтік-демографиялық және аймақтық сипаттамаларын репрезентациялайтын параметрлер бойынша іріктелген жастары.

*Зерттеу мәнісі:* жас қазақстандықтардың Қазақстаннан тыс жерде білім алу/оқу және жұмыс жасау мүмкіндіктері мен миграциялық ұстанымдарын анықтау.

### **1.3. Зерттеу гипотезалары**

1. Бүгінгі таңда оқу және еңбек миграциясы Қазақстан жастары арасында жағымды пікірге ие. Осындай бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттандырылу деңгейі, миграция масштабы жоғары. Жас қазақстандықтар шетелге кетуге дайын, бірақ көпшілігі кетуге/көшіп кетуге бағытталған нақты әрекеттер жасамайды.

2. Жоғары білімі бар жастардың сапалы шетелдік білім алуға деген ұмтылыстары мен көшіп кетуге ниеттері басым.

### **1.4. Негізгі ұғымдар интерпретациясы**

*Жастар* – он төрт жасқа толған және жиырма тоғыз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының жас азаматтары. Жастар – бұл әлеуметтік-жас шамасына қарай іріктелген, қоғамда өзінің жас шамасымен және мәртебесімен ерекшеленетін топ: балалық шақ пен жастық шақтың әлеуметтік жауапкершілікке ауысу кезеңі. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам белгілі жеңілдік бере отырып әлеуметтік қалыптасуларына мүмкіндік беретін, бірақ

әлеуметтік салаларға белсене ат салысу мүмкіндігін шектейтін жас тұлғалар топтамасы деп түсіндіреді.

*Әлеуметтік көңіл-күй* – бұл белгілі әлеуметтік топтаманың өзінің қоғамдағы ахуалына, әлеуметтік-экономикалық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылу деңгейіне, мүдделерінің орындалуына беретін бағасының эмоционалдық аспектісі. Әлеуметтік көңіл-күй арқылы топтың қоғамда болуы арқылы қалыптасатын жағдайының жалпы сипаты (экономикалық, саяси, идеологиялық, ұлттық және т.б.) көрсетіледі. Әлеуметтік көңіл-күй әлеуметтік марапатты, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін, мүдделерінің жүзеге асырылуын басқа адамдардың осындай мүмкіндіктерімен (шарттарымен) салыстыру барысында қалыптасады.

*Құндылық ұстанымдары* – адам санасындағы ол өмірдегі стратегиялық маңызды мақсат және жалпы дүниетанымдық қағидат деп танитын құндылықтар сипаты.

*Жастардың миграцияға бейімделуі.* Халықтың көші-қон феномені жан-жақты және күрделі болып табылады. «Көші-қон» ұғымын интерпретациялау барысында ең алдымен оның теориялық және тәжірибелік алғышарттары мен олардың әлеуметтік, саяси, экономикалық процесстерге әсері және қоғам өміріндегі құбылыстарға ықпалы түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде «көші-қон» дегеніміз халықтың әлеуметтік және еңбектік мобильділігінің артуына байланысты экономикалық құрылым мен өндірістік күштердің орналастырылуы салдарынан тұрғындардың тұрғылықты жерін (елді мекенін) ауыстыруына тығыз байланысты аса күрделі әлеуметтік-демографиялық үрдіс. Жастардың қоныс аударуы мақсатты аудандарда еңбекке неғұрлым қабілетті топтар арасындағы жұмыс күші санының төмендеуіне соқтырады, соның ішінде біліктілікке немесе мамандыққа жаңа ғана қол жеткізген жастар да бар.

*Студенттік миграция* – бұл студенттердің өзінің азаматтығы бойынша тиісті елдің аумағынан тыс жерге 12 айдан ұзақ мерзімге оқуға кетуі. Жаһандану барысында жоғары білім алу интерұлттандырылып, нарықтық негізде дами бастады.

*Еңбек миграциясы* – бұл адамдардың жұмысқа тұруы мен жұмыс іздеуіне байланысты территориялық тұрғыда тұрақты орнын ауыстыру болып табылады.

## **1.5. Зерттеудің технологиялық бөлігі**

Іріктелгендердің жалпы саны 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтік зерттеу жүргізілетін аумақ Қазақстан Республикасының барлық өңірлері мен республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларын, 14 облыстық орталықты, сонымен қатар ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу амалы қолданылды. Бастапқыда, облыс және республикалық маңызы бар қалалардың халық саны негізінде

іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды. Әрі қарай әрбір өңір бойынша қалалық және ауылдық елді мекендерде іріктелетін көлем анықталды.

*1-кесте. Жоба бойынша іріктелген жиынтық, адам*

	Барлық тұрғын			Қалалық тұрғындар			Ауылдық тұрғындар		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>2000</b>	<b>1006</b>	<b>994</b>	<b>1145</b>	<b>560</b>	<b>585</b>	<b>854</b>	<b>446</b>	<b>408</b>
Ақмола облысы	79	41	38	36	18	18	43	23	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	20	18
Алматы облысы	211	108	103	49	25	24	162	84	78
Атырау облысы	68	35	33	31	15	16	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	71	36	35	35	17	18	36	19	17
Жамбыл облысы	122	62	60	48	24	24	74	38	36
Қарағанды облысы	149	75	74	117	58	59	32	17	15
Қостанай облысы	96	49	47	51	25	26	45	23	22
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	32	17	15	40	20	20
Оңтүстік Қазақстан облысы	340	173	167	150	75	75	190	99	91
Павлодар облысы	78	39	39	55	27	28	23	12	11
Солтүстік Қазақстан облысы	55	29	26	26	13	13	29	16	13
Шығыс Қазақстан облысы	144	73	71	91	45	46	53	29	24
Астана қаласы	101	48	53	101	48	53	-	-	-
Алматы қаласы	223	103	120	223	103	120	-	-	-

*\* ҚР ұлттық экономика Министрлігінің статистика жөніндегі Комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша.*

Бұл зерттеуде респонденттерді іріктеу үшін біріншіден, іріктеудің ықтималдық дизайны пайдаланылды, ол кез-келген тұлға (14-29 жас аралығындағы) сабақтастық ауқымында талдау үшін тең мүмкіндікке ие болатындай қалыптастырылды. Екіншіден, страталанған көп сатылы іріктеу қолданылды, онда негізгі страталар ретінде төменде көрсетілген сатылар алынды.

1-саты. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша іріктеу – жасы 14-29 аралығындағы халық санына сүйене отырып іріктеу көлемі елдің 16 өңірі бойынша анықталды: Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық.

2-саты. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі анықталды.

3-саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әр елді мекен бойынша кездейсоқ амалмен сапар бағытының бастапқы нүктесі мен респонденттер саны анықталды.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастапқы нүктеден басталатын сапар бағыты бойынша «сол қанат» ережесіне сай үй шаруашылықтары іріктелді.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке үй шаруашылықтары бойынша респонденттер екі белгі бойынша іріктелді: жынысы мен жасы (жыныстық-жастық квота бойынша). Респондент жасының 14 төмен, 29 жоғары болмауы керек, жынысы бойынша репрезентативтік өкілдік талабы сақталды (сауалнама жүргізілген ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала және ауыл бойынша статистика жөніндегі Комитет деректеріне сай есептелді).

Қолданылған іріктеу репрезентативті болып табылады, демек, белгіленген параметрлер бойынша респонденттер құрамы негізгі сабақтастықтағы сәйкес пропорцияларға жуық (статистика жөніндегі Комитеттің 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Іріктеу сабақтастығының орташа сипаттаманың негізгі сабақтастық сипаттамаларынан ауытқуы  $\pm 3,5\%$  артық емес.

## **Ақпарат жинау әдісі**

Бастапқы әлеуметтік ақпараттарды жинауда жасы 14-29 аралығындағы жастарға «face-to-face» әдісімен жүргізілген жалпылай сауалнама амалы пайдаланылды. Бұл әдіс Қазақстан жастары ортасында қалыптасқан жағдай бойынша неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы мәлімет алуға мүмкіндік берді.

Жалпылама сауалнама жүргізу төңірегінде ақпарат жинау көбіне респонденттердің тұрғылықты жерлері (пәтерлік сауалнама), оқу/жұмыс орны/жұмыспен қамту орталығы (қажетті топты неғұрлым жылдам табу және сауалнамаға қатыстыру мақсатында) бойынша жүргізілді.

## **Құралдар жиынтығы**

Деректерді жинауда қолданылатын құрал-логикалық тұрғыда әзірленген сауалнама парағы, бұл–*әлеуметтік зерттеу анкетасы*, бастапқы ақпарат жинауға арналған құрал, тираждалған құжат, онда белгілі ережелер бойынша құрастырылған және өзара байланысты сұрақтар бар. Әлеуметтік анкета сипаты мен белгілері, оның көлемі мен құрылысы, сұрақтардың бір-бірімен сабақтастыру айшықтамасы бір-біріне тығыз байланысты, сонымен қатар зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне сай (жалпылай сауалнама) осы құралдың пайдаланылуы орынды.



Әлеуметтік сауалнама екі тілде дайындалды: мемлекеттік және орыс тілдерінде, респонденттер таңдаулары бойынша толтырды.

Зерттеудің ашық алаңда жүргізілген кезеңі бойынша ақпарат жинауды арнайы дайындалған, әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша іріктелген интервьюерлер жүргізді.

Интервьюерлер әр респондентпен сауалнама барысында сауалнамалардың толтырылуын қамтамасыз етті. Жалпылай сауалнаманы барлығы 90 интервьюер 16 аймақтық супервайзердің басшылығымен жүзеге асырды.

### **Ақпаратты өңдеу әдістемесі**

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір және екі өлшемдік кестелер, корреляциялық талдаулар лицензияланған компьютерлік SPSS 21 бағдарламасының көмегімен дайындалды.

### **Ақпаратты талдау әдістемесі**

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістемесі:

- 1) деректердің бір өлшемдік талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемдік талдауы;
- 3) корреляциялық талдау болды.

## 2-тарау. Қазақстандық жастардың миграциялық мінез-құлқының ерекшеліктері: потенциал, ұстанымдар мен мотивациялар

Кез-келген қоғамның қазіргі ең жақсы сипаттамалық көрсеткіші – оның мобильділігі. Мобильділік жаңа заман адамының өміріндегі барлық салаларға қатысы, әсіресе жастардың өмірінде. Жастар бұрын-соңды болмаған қозғалыста, ізденісте жүреді. Соңғы бірнеше он жылдық көлемінде саяси, экономикалық, әлеуметтік және демографиялық өзгерістер әлемнің көптеген жерлерінде адамдарды туған жерлерінен ажыратып, қалалар мен шетелдерге көшуге ынталандырды. Сауда көлемінің артуы, көлік құралдарының неғұрлым арзан және неғұрлым жылдам түрлерінің пайда болуы мен коммуникацияның жеңілдігі жастардың өз елі ішіндегі миграциясына да, ұлттық шекарадан асуына да себепші болды.

Шетелдердегі зор мүмкіндіктер мен еңбек нарығындағы өздеріне деген сұраныс көптеген жастардың көшуге бел бууына себеп болып отыр. Оның үстіне жастықтарына байланысты төзімділіктері мен шыдамдылықтарын сынайтын қиыншылықтарға да кездеседі. Осыған байланысты дүние жүзі бойынша мемлекеттік аппарат өкілдерінің қызметтері жастардың мобильді мұқтаждықтарына қатысты жедел әрекет етуге бағытталған, бұл орайда миграция саласындағы толықтай және жан-жақты ойластырылған, маңызды жастар саясаты жүзеге асырылады.

Жастар арасындағы миграциялық тенденцияны зерттеу тиісті мемлекеттік даму бағдарламаларын әзірлеуге, шешімдер қабылдауға, даму стратегияларын дайындауға қажет. Миграциялық ағымға жасалатын тұрақты мониторингсіз және олардан туындайтын факторлардың бағасынсыз бірқатар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелердің шешімін табу мүмкін емес: жастар тұратын өңірлердегі жұмыссыздық мәселесінен бастап баспана тапшылығына дейін. Осыған байланысты Қазақстан жастарының оқу және еңбек миграциясына дайындығын анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеу жүргізу туралы шешім қабылданды.

Сонымен, Қазақстан жастарының миграциялық потенциалын зерттеу мақсатында респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: **«Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз?»**. Зерттеу нәтижелері мынаны көрсетті: сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан көбі (51,3%) Қазақстанда қалғысы келеді. Дегенмен, әрбір үшінші респондент уақытша эмиграцияны таңдады, демек, міндетті түрде Отанына оралады. Басқа елге көшіп кету идеясын қазақстандық жастардың 11% қолдайды. Бұл сұраққа респонденттердің 3,8% жауап бере алмады (1-кесте).

*1-кесте. «Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген*

	%
Мен өз елімде қаламын	51,3
Басқа елге уақытша баратын едім, бірақ өз елімде тұрғым келеді	33,8
Басқа елге тұрақты түрде өмір сүруге кететін едім	11
Жауап бере алмаймын	3,8

Корреляциялық жіктелім бойынша жас әйел адамдар мен ер адамдар көрсеткіштерінің айтарлықтай айырмашылығының жоқтығын көрсетіп отыр, ал ұлттық жіктелім бойынша көрсеткіштер мынадай болды: орыс ұлтының әрбір үшінші өкілі (28,6%) Қазақстаннан басқа елге тұрақты түрде көшіп кеткісі келеді. Түпкілікті ұлт өкілдерінің пікірін «патриоттық» деуге болады. Респонденттердің 5,6% ғана Қазақстаннан көшіп кеткен соң, оралмайтындықтарын айтты (2-кесте).

*2-кесте. «Егер Сізде басқа елге көшіп кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз» сұрағына алынған жауаптар (ұлттық жіктелімде), % өрнектелген*

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Мен өз елімде қаламын	57,6	33,2	42,3
Басқа елге уақытша баратын едім, бірақ өз елімде тұрғым келеді	34,1	30,1	39,3
Басқа елге тұрақты түрде өмір сүруге кететін едім	5,6	28,6	14,8
Жауап бере алмаймын	2,7	8,1	3,6

Эмиграциялық потенциалы жоғары өңірлерге Қостанай (32,3%), Шығыс Қазақстан (27,8%), Қарағанды (21,5%) және Батыс Қазақстан (19,7%) облыстары жатады. Мұны аталған өңірлерде тұратын халықтың ұлттық құрамымен түсіндіруге болады, мұндағы халықтың көпшілігі славян ұлтынан.

Бұдан әрі респонденттердің миграциясының территориялық бағытын анықтау үшін сауалнама анкетасына келесі сұрақ қосылды: **«Сіз басқа өңірге немесе басқа елге белгісіз мерзімге көшуге дайынсыз ба?»**. Жастар берген жауаптарға сай сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі Қазақстаннан (23,5%) кетеміз десе, ел ішінде көшеміз дегендері аз болды (19,1%). Дегенмен, ешқайда көшкісі келмейтін тұлғалар да көп (екі жағдайда да 80,8% және 76,2% қарсы жауап берген) (3-кесте).

**3-кесте. «Сіз басқа өңірге немесе басқа елге белгісіз мерзімге көшуге дайынсыз ба?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

Басқа өңірге (%)		Басқа елге (%)
19,1	Иә	23,5
80,8	Жоқ	76,2
0,1	Жауап бере алмаймын	0,2

Гендерлік жіктелім бойынша анықталған көрсеткіштерге жасалған талдаулар Қазақстанның жастар эмиграциясының келбеті «әйел адамдар келбеті» екендігін көрсетіп отыр. Шетелге көшуге дайынмын деген жауапты қыздардың 25,1% таңдаса, жас жігіттердің 21,9% ғана таңдаған (4-кесте).

**4-кесте. «Сіз басқа өңірге немесе басқа елге белгісіз мерзімге көшуге дайынсыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген**

	Ер адам	Әйел адам
Иә	21,9	25,1
Жоқ	78	74,5
Жауап бере алмаймын	0,1	0,4


Аталған гипотезаны ресми статистика көрсеткіштері де растап отыр: 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі аралықта тіркелген эмигранттар арасындағы әйел адамдар қатары артып отырған, ал ер адамдар қатарында мұндай прогрессия байқалмайды. 2013 жылы Қазақстаннан шетелге 3029 ер адам, 3353 әйел адам кеткен. Одан кейінгі жылы екі топтама бойынша шетелге кеткендер санының артуы байқалады, ал 2015 жылы эмигрант-ер азаматтар санының кемуі және эмигрант-әйелдер санының артуы байқалады (5-кесте).

**5-кесте. Қазақстандағы жастардың 2013-2015 жылдардағы эмиграциясы (адам)**

	2013	2014	2015
Ерлер	3029	3378	3209
Әйелдер	3353	3873	4047


Сауалнамаға қатысқандардың Қазақстанның басқа өңіріне көшуге дайынмын дегендері арасынан көпшілігі реципиенттер ретінде республикалық маңызы бар қалаларды, яғни, Алматы қаласы (38,1%) мен Астана қаласын (42,4%) таңдайды. Үшінші үздік өңір Шығыс Қазақстан облысы - 7,1% (1-диаграмма).

**1-диаграмма. «Сіз Қазақстанның қай өңіріне көшуге дайынсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Қай елге көшкісі келетіндіктерін айта отырып, респонденттер үздік ел деп Ресей Федерациясын таңдады (28,8%). Орыс ұлты өкілдерінің бұл таңдауы барынша логикаға сай. Орыс ұлтты жастарының 67,2% тарихи Отандарына оралғысы келеді. 23,4% Америка Құрама Штаттарына кетуге дайын. Әрбір үшінші қазақ осы жауапты таңдады. Үздік елдер үштігін Еуропа елдері тұйықтады - 11,7%. Аталған елдермен қатар респонденттердің жауаптарында Қытай (5,9%), Түркия (4,6%) және Оңтүстік Корея (3,1%) бар, бұл жастар арасында сұранысқа ие миграцияның жаңа бағыттарының пайда болғандығын білдіреді (2-диаграмма).

**2-диаграмма. «Сіз қай елге көшуге дайынсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Жастар эмиграциясының неғұрлым нақты және шынайы жағдайын көрсететін индикатор ретінде келесі сұрақ назарға алынды: «Сіз немесе Сіздің отбасыңыз алдағы бір жыл ішінде басқа елге түпкілікті тұруға көшуді жоспарлайсыздар ма?». Демек, зерттеушілер бұл сұраққа шетелге кетуі міндетті жастар ғана жауап беріп, жауаптар жастардың миграциялық ұстанымын анықтайтын негізгі көрсеткіш болады деп жоспарлаған. Зерттеу жас қазақстандықтардың 85,5% алдағы бір жыл ішінде шетелге көшуді

жоспарламайтындығын көрсетті. Мұндай мақсатты респонденттердің 3,7% ғана көздейді. Олардың арасында Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары басым, мұндағы әрбір оныншы адам кетуді жоспарлайды (9,4% және 10,4% сәйкесінше) (3-диаграмма).

**3-диаграмма. «Сіз немесе Сіздің отбасыңыз алдағы бір жыл ішінде басқа елге түпкілікті тұруға көшуді жоспарлайсыздар ма?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Білім жіктелімі бойынша корреляциялық талдау жоғары білімі бар магистр, ғылым кандидаты/докторы, PhD докторы сияқты ғылыми дәрежесі бар тұлғалардың (10,5%) басқаларға қарағанда алдағы бір жыл ішінде ТТЖ басқа елге көшкісі келетіндігін көрсетіп отыр. Осылайша, зерттеулер қазақстандық жағдайда бүгінге дейін елден «ақылды бастардың» кету проблемасының өзекті екендігін көрсетеді (6-кесте).

**6-кесте. «Сіз немесе Сіздің отбасыңыз алдағы бір жыл ішінде басқа елге түпкілікті тұруға көшуді жоспарлайсыздар ма?» сұрағына алынған жауаптар (білім жіктелімінде), % өрнектелген**

	Жоғары, ғылыми дәрежемен	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнайы орташа/кәсіби білім	Жалпы орта	Толық емес орта	Білім жоқ
Иә, менің мұндай жоспарым бар	10,5	3,8	3,8	3,4	3,7	1,9	10,8
Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл көлемінде	7	3,5	2,1	0,6	2,9	2,3	0
Елдегі жағдайға байланысты	5,3	3,8	3,3	2	1,8	1,5	8,1
Өзірге тек кетуді ойластырып жүрмін	3,5	4,3	6,7	3	0,7	2,7	18,9
Жоқ, мұндай жоспарым жоқ	70,2	83,1	82,8	89,5	88,2	89,6	62,2
Жауап бере алмаймын	3,5	1,4	1,3	1,6	2,6	1,9	0

Әрі қарай эмиграцияны жоспарлап жүрген респонденттер кету үшін қандай шаралар атқарғандығы немесе атқаратындықтары туралы айтты. Көпшілігі кету үшін әлі ешқандай нақты әрекет жасамаған, мұндайлардың үлесі 37,8%. Әр үшінші тұлға тіл үйреніп жүр және жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы ақпарат жинауда (32,2% және 27,1% сәйкесінше). Жауап бергендердің 16,9% көшкісі келетін елде білім алу туралы ақпарат жинап жүргендерін айтты (7-кесте).

**7-кесте. «Сіз басқа елге кету үшін қандай нақты әрекет жасадыңыз немесе жасамақсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	<b>%</b>
Тіл үйреніп жүрмін (жаттығып жүрмін)	32,2
Жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы ақпарат жинап жүрмін	27,1
Білім алу мүмкіндіктері туралы ақпарат жинап жүрмін	16,9
Өзім туралы мәліметтер (түйіндеме) жолдаудамын	5,5
Баспана іздестіріп жүрмін	7,1
Кету үшін құжат ресімдеп жатырмын	7,1
Әзірге ештеңе жасап жүрген жоқпын	<b>37,8</b>
Қаражат жинап жүрмін	0,4
Жауап бере алмаймын	2,7

Білім жіктелімі бойынша зерттеу нәтижелеріне жасалған талдаулар мынадай тенденцияны аңғаруға мүмкіндік береді: көшуді жоспарлап жүрген респонденттің білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым идеяны жүзеге асырудағы белсенділігі басым. Ғылыми/академиялық дәрежесі бар респонденттердің 60% және жоғары білімділерінің 36,1% тілді меңгеріп жүр, жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы ақпарат жинауда, 20% және 35,1%, сәйкесінше, білім алу туралы ақпарат жинауда, 20% және 13,4%, сәйкесінше. Пассивті болғандары білімдері арнайы орташа респонденттер болды, мұндай жастардың 56,8% эмиграциялық жоспарын жүзеге асыру үшін ешқандай әрекет жасамаған (8-кесте).

**8-кесте. «Сіз басқа елге кету үшін қандай нақты әрекет жасадыңыз немесе жасамақсыз?» сұрағына алынған жауаптар (білім жіктелімінде), % өрнектелген**

	<b>Жоғары, ғылыми дәрежемен</b>	<b>Жоғары</b>	<b>Аяқталмаған жоғары</b>	<b>Арнайы орташа/кәсіби білім</b>	<b>Жалпы орта</b>	<b>Толық емес орта</b>	<b>Білім жоқ</b>
Тіл үйреніп жүрмін (жаттығып жүрмін)	60	36,1	28,9	18,2	28	31,8	35,7
Жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы ақпарат жинап жүрмін	20	35,1	28,9	18,2	16	22,7	28,6

Білім алу мүмкіндіктері туралы ақпарат жинап жүрмін	20	13,4	23,7	13,6	20	18,2	21,4
Өзім туралы мәліметтер (түйіндеме) жолдаудамын	13,3	5,2	2,6	2,3	8	9,1	7,1
Баспана іздестіріп жүрмін	6,7	5,2	7,9	6,8	8	4,5	21,4
Кету үшін құжат ресімдеп жатырмын	13,3	9,3	5,3	0	4	4,5	21,4
Әзірге ештеңе жасап жүрген жоқпын	20	41,2	28,9	56,8	32	27,3	21,4
Емтихан тапсырдым, жауабын күтіп жүрмін	0	0	0	0	0	0	0
Қаражат жинап жүрмін	0	0	2,6	0	0	0	0
Жауап бере алмаймын	0	0	2,6	4,5	4	9,1	7,1

Респонденттерге қойылған келесі сұрақ миграциялық мерзімге қатысты болды. «Сіз қандай да бір елде екі айдан астам уақыт бойы болдыңыз ба?» сұрағына жастардың басым көпшілігі, атап айтар болсақ 89,9% басқа елде 2 айдан асатын уақыт бойы болмағандықтарын айтты. Ал жастардың арасындағы әр оныншы адам өмірінде мұндай тәжірибенің болғандығын айтты (9-кесте).

*9-кесте. «Сіз қандай да бір елде екі айдан астам уақыт бойы болдыңыз ба?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген*

	%
Иә	10,1
Жоқ	89,9

Өңірлер бойынша анықталған көрсеткіштер ел бойынша анықталған орташа көрсеткіштерден өзгеше. Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Астана қаласы жастары шетелге екі айдан астам мерзімге жиі кеткендіктерін көрсетті. Аталған өңір жастарының, Астана қаласының жастарынан басқа, миграциялық әлеуеті басым. Қызылорда және Павлодар облыстарының жастары абсолютті көрсеткішпен теріс жауап берді. Осыған қарап біз жас қазақстандықтардың көшуге қатысты ұстанымдары мен миграциялық мерзімнің тәуелді екендігін көріп отырмыз (белгілі уақыт бойы шетелде болу): жас азамат шетелде қаншалықты ұзақ уақыт болса, оның шетелге ТТЖ көшуге қатысты ұстанымы соншалықты берік (10-кесте).



**10-кесте. Сіз қандай да бір елде екі айдан астам уақыт бойы болдыңыз ба?» сұрағына алынған жауаптар (өңірлік жіктелімде), % өрнектелген**

	<b>Иә</b>	<b>Жоқ</b>
Ақмола	7,6	92,4
Ақтөбе	10,9	89,1
Алматы	11,4	88,6
Атырау	4,4	95,6
Шығыс Қазақстан	<b>17,4</b>	82,6
Жамбыл	15,6	84,4
Батыс Қазақстан	15,5	84,5
Қарағанды	14,1	85,9
Қостанай	<b>16,7</b>	83,3
Қызылорда	0	100
Маңғыстау	2,7	97,3
Павлодар	0	100
Солтүстік Қазақстан	3,6	96,4
Оңтүстік Қазақстан	6,2	93,8
Астана қаласы	<b>22,8</b>	77,2
Алматы қаласы	8,5	91,5

Егер жастардың шетелге барудағы мақсаттары туралы айтар болсақ, жауаптардың үздігі мынадай болды: «туризм» - 28,9% және «туыстарға бару» - 24,5%. Әр бесінші адам басқа елге оқуға (жоғары білім алу үшін) барғандығын айтты. Әрбір оныншы қазақстандық азамат шетелге кәсіби мақсатта барған. Жастар арасында кеңінен танымал «Work and Travel» бағдарламасын айтпай кетуге болмас, бұл жазғы демалыс уақытын барынша тиімді пайдалануға – еңбек өтілін алуға, шет тілін үйренуге және мәдени, әлеуметтік тұрғыдан дүниетанымды кеңейтуге мүмкіндік береді. Сауалнама барысында респонденттердің 5,9% осы бағдарламаға қатысқандықтарын айтты (11-кесте).

**11-кесте. «Сіз екі айдан астам уақыт бойы болған елге бару мақсатыңыз қандай болды?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	<b>%</b>
Оқу (жоғары білім алу)	19,1
Оқу (магистратура, аспирантура, PhD)	5,4
Жұмыс	12,7
Тәжірибеден өту	5,9
Туризм/демалыс	28,9
Ата-анам тұратын жер	5,4
Туыстарға/достарға қонақ болу	24,5
Спорттық/мәдени шаралар	3,9
Ғылыми шаралар (конференциялар, семинарлар, жазғы мектептер және т.б.)	2
Жұмыс және саяхат (WORK AND TRAVEL)	5,9
FLEX (жоғары сынып оқушыларымен алмасу бағдарламасы)	0,5
Емделу	2,9
Шет тілін үйрену	0,5
Оқу (арнайы орташа білім алу)	0,5
Көшу	0,5
Жауап бере алмаймын	1

Талдау шетелде болу себебі мен гендерлік ерекшелік арасында корреляцияның бар екендігін көрсетті. Шетелде білім алу үшін ер адамдар әйел адамдарға қарағанда көп кетеді (21,1% және 16,8%). Шетелдерде жұмысқа тұру жігіттер арасында жиі (19,3% және 5,3%) кездеседі. Қыздар Қазақстаннан көбінесе туыстарына бару үшін шығады – 30,5% (ерлер – 19,3%) және турист ретінде кетеді – 35,8% (ерлер- 22,9%) (12-кесте).

**12-кесте. «Сіз екі айдан астам уақыт бойы болған елге бару мақсатыңыз қандай болды?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген**

	Ер адам	Әйел адам
Оқу (жоғары білім алу)	21,1	16,8
Оқу (магистратура, аспирантура, PhD)	6,4	4,2
Жұмыс	19,3	5,3
Тәжірибеден өту	4,6	7,4
Туризм/демалыс	22,9	35,8
Ата-анам тұратын жер	4,6	6,3
Туыстарға/достарға қонақ болу	19,3	30,5
Спорттық/мәдени шаралар	4,6	3,2
Ғылыми шаралар (конференциялар, семинарлар, жазғы мектептер және т.б.)	1,8	2,1
Жұмыс және саяхат (WORK AND TRAVEL)	6,4	5,3
FLEX (жоғары сынып оқушыларымен алмасу бағдарламасы)	0,9	0
Емделу	2,8	3,2
Шет тілін үйрену	0,9	0
Оқу (арнайы орташа білім алу)	0	1,1
Көшу	0	1,1
Жауап бере алмаймын	0,9	1,1

Енді жастардың кей бөлігінің Қазақстаннан мүлде кеткісі келетінін анықтау орынды. Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша 17,4% дүниетанымын кеңейту үшін, басқа ұлт өкілі мен өзге халықтар қалай тұратындығын білу – әлемді тану мақсатында кетеді. Әрбір оныншы адам шетелге сапалы білім алу үшін кетеді. Басқа елде өздерінің материалдық жағдайын жақсартамыз деп ойлайтындардың үлесі 8,4%. Сауалнама қатысушыларының 6,8% жұмысқа тұру үшін кетеді (13-кесте).

**13-кесте. «Егер Сіздің Қазақстаннан кеткіңіз келетін болса, мақсатыңыз қандай?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Әлемді аралау	17,4
Сапалы білім алу	10,7
Материалдық жағдайды жақсарту	8,4
Жұмысқа тұру	6,8
Менің көңілім таныссыз жұмысқа тұрудың мүмкін еместігіне толмайды, басқа ұлт өкілінің проблемасы шешілмейді және т.б.	5,8
Менің Қазақстанда кәсіби тұрғыда өсуіме мүмкіндік жоқ	5,5
Тарихи Отанға оралу	2
Менің менталитетім қазақстандықтардың менталитетіне сай емес	1,1

Мұнда өмір қауіпті болып бара жатыр	0,6
Күрт өзгертін климат ұнамайды	0,8
Мен Қазақстаннан көшуді жоспарламаймын/көшкім келмейді	59,6
Жауап бере алмаймын	2,3

Корреляциялық талдау білім деңгейі бойынша жасалды, сауалнамаға қатысқандардың арасындағы ғылыми/академиялық дәрежесі бар тұлғалар Қазақстанда кәсіби тұрғыда даму/жетілу үшін мүмкіндік жоқ деп санайды (10,5%). Осы топ өкілдері шетелге көбінесе жұмысқа тұру мақсатында кетеді (17,5%). Сапалы білім алу үшін шетелге әрбір бесінші респонденттің кеткісі келеді (17,3%).

Осы тарау бойынша жасалатын талдаулар негізінде қойылған соңғы сұрақ қазақстандық жастардың шетелге кетуіне ненің кедергі бола алатындығы жайында болды. Негізгі кедергі «қаржылық мүмкіндіктің (ақшаның)» жоқтығы болды, жартысына жуығы осы жауапты таңдаған (46,6%). Әрбір үшінші жас азамат/азаматша шетелге достары мен туыстарын тастап кеткісі келмейді (29,8%). Шет тілін білмеудің де кедергі болуы ықтимал (16,5%), оқу немесе жұмыс үшін байланыстың болмауы (15,3%), шетелде туыстардың/достардың болмауы да себептердің (11,5%) бір түрі. (14-кесте).

*14-кесте. «Егер Сіз елден кетуге шешім қабылдаған болсаңыз немесе Қазақстаннан ұзақ мерзімге/түпкілікті көшіп кетуіңіз керек болса Сізге қандай жағдайлардың кедергі болуы мүмкін?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген*

	<b>%</b>
Қаржылық мүмкіндіктің (ақшаның) жоқтығы	<b>46,6</b>
Оқу немесе жұмыс үшін байланыстың болмауы	15,3
Мен көшкім келетін елдегі иммигранттарға деген негативті көзқарас	4,5
Тілді білмеу/нашар меңгеру	16,5
Шетелде туыстардың/достардың болмауы	11,5
Туыстар мен достарды қимау	29,8
Туыстардың/достардың шетелде болған келеңсіз жағдайы	2,9
Ешқандай қиындық мені тоқтата алмайды	0,2
Қазақстаннан кетпеймін	0,2
Жауап бере алмаймын	9,1

## Тарау бойынша қорытындылар

Сонымен, қазақстандық жастардың миграциялық көзқарастарына жасалған талдауларды қорыта келе, олардың басым көпшілігінің басқа елге қарағанда Қазақстанды таңдайтындығын анықтап отырмыз. Ал басқа елге көшу идеясын қолдайтын респонденттерге келер болсақ, олардың үлесі Қазақстанда 11%. Олардың ішіндегі әрбір үшінші адам орыс ұлтының өкілі. Түпкілікті ұлт өкілдерін «патриот» деуге болады.

Эмиграциялық потенциалы жоғары өңірлерге Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары жатады.

Гендерлік жіктелім бойынша анықталған көрсеткіштерге жасалған талдаулар Қазақстанның жастарының эмиграциясының келбеті «әйел адамдар келбеті» екендігін көрсетіп отыр. Демек, қазіргі уақытта әйел адамдар ер адамдарға қарағанда көші-қон бойынша неғұрлым белсенді және жинақы.

Сауалнамаға қатысқандардың Қазақстанның басқа өңіріне көшуге дайынмын дегендері арасынан көпшілігі реципиенттер ретінде республикалық маңызы бар қалаларды, яғни, Алматы қаласы мен Астана қаласын таңдайды. Үшінші үздік өңір Шығыс Қазақстан облысы. Мұның үлкен қалалардағы өмір қарқынына, ойын-сауық индустриясының жақсы дамығандығына қатысты болуы мүмкін. Қай елге көшкісі келетіндіктерін айта отырып, респонденттер үздік ел деп Ресей Федерациясын таңдады. Көпшілік Америка Құрама Штаттарына кетуге дайын. Әрбір үшінші қазақ осы жауапты таңдады. Үздік елдер үштігін Еуропа елдері.

Білім жіктелімі бойынша корреляциялық талдау жоғары білімі бар магистр, ғылым кандидаты/докторы, PhD докторы сияқты ғылыми дәрежесі бар тұлғалардың басқаларға қарағанда алдағы бір жыл ішінде ТТЖ басқа елге көшкісі келетіндігін көрсетіп отыр. Осылайша, зерттеулер қазақстандық жағдайда бүгінге дейін елден «ақылды бастардың» кету проблемасының өзекті екендігін көрсетеді.

Эмиграцияны жоспарлап жүрген респонденттер кету үшін тіл үйреніп жүр және жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы ақпарат жинауда, білім алу туралы ақпарат жинап жүр.

Негізінен жастар шетелге дүниетанымын кеңейту үшін, басқа ұлт өкілі мен өзге халықтар қалай тұратындығын білу – әлемді тану мақсатында кетеді. Әрбір оныншы адам шетелге сапалы білім алу үшін кетеді.

Жастардың шетелге кетуіне негізгі кедергі - «қаржылық мүмкіндіктің (ақшаның)» жоқтығы болды. Әрбір үшінші жас азамат шетелге достары мен туыстарын тастап кеткісі келмейді. Шет тілін білмеудің де кедергі болуы ықтимал, оқу немесе жұмыс үшін байланыстың болмауы, шетелде туыстардың/достардың болмауы да себептердің бір түрі.

## 3-тарау. Қазақстан жастарының оқу миграциясы

### 3.1. Жастардың оқу миграциясына көзқарастары

Қазіргі уақытта жастардың әлеуметтік миграциясының ең танымал түрі оқу және білім алу миграциясы болып табылады. Сарапшылар «оқу миграциясы» мен «білім алу миграциясы» ұғымдарын жеке қарастырады, соңғысы кеңінен қарастырылады, себебі, білім алу миграциясы білім алу үшін шетелге кетуді де, кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында шетелге кетуді де қамтиды, соның ішінде әр түрлі тәжірибеден өту, қосымша білім алу, курстар да бар. Бұл зерттеуде біз респонденттер миграциясының оқу немесе білім алу түрінде екендігін жеке қарастырған жоқпыз, бұл ұғымдар зерттеу төңірегінде біріктіріліп қарастырылды.

Жыл сайын оқу миграциясы артып келеді, халықаралық миграциялық ағымға дүние жүзі бойынша көптеген студенттер қосылуда. Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінде ведомство қанша қазақстандықтың шетелде өз бетінше білім алып жатқандығын қадағаламайды деп отыр, себебі ҚР Конституциясы азаматтарға ел территориясынан ешқандай кедергісіз кету және қайтып келу құқығын береді. Шетелге оқуға кеткендерге мониторинг жасау құралы тек «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарына қатысты пайдаланылады<sup>1</sup>. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ вице-президенті Мейржан Алпысбайдың айтуы бойынша 24 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша ұлттық еңбек нарығы үшін 9,5 мыңнан астам маман даярланды. Ал қазір шетелде мыңнан астам адам білім алып жатыр. 2017 жылы тағы да 600 стипендия беру жоспарланып отыр.<sup>2</sup>

Сонымен қатар, жыл сайын Министрлік қазақстандық азаматтарды шетелге оқуға шетелдік серіктестермен жасалған келісім-шарттар негізінде жіберіп отырады. Мәселен, 2014 жылы Министрлік халықаралық келісім-шарттар бойынша ҚХР жоғары оқу орындарында білім алуға 61 адамды жіберді, Беларусь еліне – 3 адамды, Тәжікстанға – 41 адамды, Венгрияға – 40 адамды, Қырғызстанға – 3 адамды аттандырды. Сондай-ақ 2015-2016 жылы жеке істері қарастырылып, шетелде білім алуға жіберу үшін біршама үміткерлер іріктелді, ҚХР – 59 адам, Беларусь еліне – 6 адам, Украинаға – 3 адам, Тәжікстанға – 21 адам, Венгрияға – 50 адам, Қырғызстанға – 4 адам, Вьетнамға – 2 адам, Мысыр еліне – 3 адам.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе бүгінгі таңда оқу миграциясы Қазақстанда әлеуметтік құбылыс ретінде танымалдыққа ие болды деуге болады. Сондықтан, жастардың шетелдік білімге қызығушылықтарының арту себептері мен Қазақстандағы оқу миграциясы әлеуетін зерттеу өте қажет.

Осы әлеуметтік зерттеу төңірегінде аталған міндеттердің бірі жастардың оқу (білім алу) миграциясы феноменіне көзқарастарын анықтау болатын. Бұл


<sup>1</sup> <http://edukation.kz/detyam/stati/item/1136-kazakhstantsy-v-zarubezhnykh-vuzakh>

<sup>2</sup> <http://dixinews.kz/articles/zhizn/28266/>

үшін респонденттерге мына сұрақ қойылды: «Сіз жас қазақстандықтардың оқуға/білім алуға Қазақстаннан шетелге кетуіне қалай қарайсыз?».

Анықталған нәтижелер респонденттердің көзқарастарының оң екендігін көрсетті. «Оң» жауап бергендер мен «дұрыс шығар» деп жауап бергендер үлесі 61%. Оқу миграциясына қатысты жергілікті көзқарасымен ерекшеленген жастар да болды (18%). Қазақстаннан тыс жерде оқуды құптамайтындар мен түсінбейтіндер әрбір онынша адам болды (жалпы көрсеткіш) (4-диаграмма).

**4-диаграмма. «Сіз жас қазақстандықтардың оқуға/білім алуға Қазақстаннан шетелге кетуіне қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Респонденттің материалдық жағдайына байланысты оқу миграциясына қатысты көзқарас та ерекшеленеді. Бұл жағдайдағы тенденция мынадай: материалдық жағдайы неғұрлым жақсы болса, шетелде білім алуға деген көзқарас та жақсы. Мысалы, табысы тек ең қажеттілерге ғана жететіндер үлесі 43,4%, табысы тұрмыстық техникаға жететіндер, бірақ жаңа көлік алуға жетпейтіндер қатары 55% және ешқандай материалдық қиыншылық көрмейтіндер қатары 69,7%. Материалдық жағдайдың жақсылығына байланысты оқу миграциясының арту гипотезаның дәлелі осы (15-кесте).

**15-кесте. «Сіз жас қазақстандықтардың оқуға/білім алуға Қазақстаннан шетелге кетуіне қалай қарайсыз?» сұрағына алынған жауаптар, (материалдық жағдай жіктелімі бойынша), % өрнектелген**

	Табысымыз азық-түлікке де жетпейді	Табысымыз тек ең қажеттілерге ғана жетеді (азық-түлік және т.б.)	Табысымыз тек азық-түлікке, ең қажетті шығындарға, ұсақ тұрмыстық техника мен киімге ғана жетеді	Техника алуға табысымыз жеткілікті, бірақ жана көлік сатып ала алмаймыз	Табысымыз барлығына жетеді, жылжымайтын мүліктен басқаға (пәтер, саяжай)	Материалдық тапшылық көрмейміз, қажет болса жылжымайтын мүлік те сатып ала аламыз	Жауап бере алмаймын
Дұрыс	45,5	43,4	44,4	55	60,5	69,7	58,3
Дұрыс шығар	18,2	18	21,7	21,5	18,8	12,6	10,4
Дұрыс емес шығар	4,5	6,6	4,3	3,5	1,9	4,2	4,2
Қарсымын	0	8,6	6,1	4,1	5,7	6,7	6,3
Маған бәрібір	31,8	22,1	22,8	15,3	12,6	6,7	16,7
Жауап бере алмаймын	0	1,2	0,8	0,6	0,4	0	4,2

Келесі сұрақ оқу миграциясының әлеуетін респонденттердің пікірі бойынша анықтауға арналды. Ол үшін зерттеу барысында мынадай сұрақ қойылады: **«Сіздің басқа елге өз біліміңізді/оқуыңызды жалғастыру үшін, университетке немесе колледжге түсу үшін кеткіңіз келді ме?»**. Алынған жауап нәтижелері бойынша жастардың 50% жуығының шетелде оқығысы келмейтіндігі анықталды. Көпшілігі отандық оқу орындарын таңдайды. Әрбір үшінші адам республикадан кетіп, шетелде білім алуға дайын екендігін, бірақ мүмкіндігінің жоқтығын айтты. Мұның материалдық тапшылық, ресурстық қиынышылық (шет тілін білмеу, шетелде тегін білім алу туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, жаңа өмір сүру жағдайларына бейімделудің қиындығы) болуы мүмкін. **Ал пайыздық қатынас бойынша оқу (білім алу) миграциясының жастар арасындағы әлеуетін 9,2% бағалаймыз.** Қазақстан жастарының әрбір оныншысы кәсіби біліктілік алу үшін басқа елге кетуді жоспарлайды. Өздерінің балаларының шетелге кетуіне қарсы ата-аналар үлесі 7,7%, бұл шетелде оқығысы келетін жастардың алдында кездесетін кедергілердің бірі. Сауалнама барысында шетелде оқу бітіріп, диплом алып үлгіргендер саны 0,6% респондент болды. Сұраққа жауап бере алмағандар әлеуметтік сауалнамаға қатысушылардың 4,2% құрады (16-кесте).

**16-кесте. «Сіздің басқа елге өз біліміңізді/оқуыңызды жалғастыру үшін, университетке немесе колледжге түсу үшін кеткіңіз келді ме?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Жоқ, кеткім келмеген, мен білімді Қазақстанда аламын	49,3
Иә, басқа елге кетер едім, бірақ мүмкіндігім жоқ	28,5
Иә, басқа елге кетер едім, бірақ ата-анам (туысқандарым) менің кетуіме қарсы	7,7
Иә, жоғары білім алу үшін басқа елге кетемін	9,2
Шетелде білім алып келдім	0,6
Шетелде білім алып жатырмын	0,2
Ақша табу	0,1
Оқуды жалғастырмаймын	0,1
Жауап бере алмаймын	4,2

Бұл сұраққа алынған жауаптар гендердік жіктелімде әр түрлі. Әйел адамдар арасында шетелде білім алғысы келетіндер саны басым, ер адамдардың көрсеткіші төмен: ер азаматтардың 52,7% отандық білімді таңдаса, қыздар арасында бұл көрсеткіш 45,9%. Шетелге оқу үшін кетуді жоспарлайтындар арасындағы екі жыныстың үлесі тең (ерлер-9% және әйелдер-9,5%). Ата-аналардың (жақын туыстардың) балаларының шетелге кетуіне қатысты пікіріне келер болсақ, ата-аналардың қыздарын ұлдарына қарағанда сирек жіберетіндігін байқаймыз: әрбір оныншы қыз бала және әрбір жиырмамыншы ер бала «Иә, басқа елге кетер едім, бірақ ата-анам (туысқандарым) менің кетуіме қарсы» деген жауапты таңдады. Бұл барынша орынды жағдай. Себебі ғасырлардан бері халқымыздың дәстүрі ер балалардың тәрбиесіне қарағанда қыз балаға қатаң қараған. Қызын шетелге өз бетінше өмір сүруге жіберуге барлық ата-ана келісе бермейді. Ал ұл балаларға қатысты бұл көрсеткіш басымдау (17-кесте).

**17-кесте. «Сіздің басқа елге өз біліміңізді/оқуыңызды жалғастыру үшін, университетке немесе колледжге түсу үшін кеткіңіз келді ме?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген**

	Ер адам	Әйел адам
Жоқ, кеткім келмеген, мен білімді Қазақстанда аламын	52,7	45,9
Иә, басқа елге кетер едім, бірақ мүмкіндігім жоқ	26,2	30,7
Иә, басқа елге кетер едім, бірақ ата-анам (туысқандарым) менің кетуіме қарсы	5,5	9,9
Иә, жоғары білім алу үшін басқа елге кетемін	9	9,5
Шетелде білім алып келдім	0,7	0,5
Шетелде білім алып жатырмын	0,2	0,2
Ақша табу	0,2	0
Оқуды жалғастырмаймын	0	0,3
Жауап бере алмаймын	5,4	3



Осыдан соң зерттеу тобы қазақстандық жастардың арасындағы оқу миграциясының бағытын анықтауды жөн көрді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, көпшілігі қазақстандық білімді таңдайды. Бұл жағдай сәйкесінше келесі сұраққа да әсер етті. Жауап бергендердің 44,2% қазақстандық оқу орындарын таңдайды. Одан кейінгі жастардың таңдау жасайтын үздігі АҚШ – 15,8%. Жастардың осынша бөлігі Еуропа елдерін таңдайды – 15,5%. Үздіктердің төрттігін Ресей Федерациясы тұйықтап тұр (10,6%). Жастардың Түркия мен Қытайда білім алуға қызығушылықтарының артуы байқалады (4,8% және 4,2% сәйкесінше) (18-кесте).

**18-кесте. «Сіздің жоғары білімді қайда алғыңыз келеді? Егер Сіздің жоғары біліміңіз болса, Сізде тағы да бір мүмкіндік болған жағдайда жоғары білімді қай елде алар едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Еуропада	15,5
АҚШ	15,8
Қытайда	4,8
Түркияда	4,2
Ресейде	10,6
Қазақстанда	44,2
Италияда	0,1
Оңтүстік Кореяда	0,3
Жапонияда	0,1
Ешқайда	0,1
Жауап бере алмаймын	3,8

Алынған жауаптарды өңірлік жіктелім мен ұлттық жіктелімде, сондай-ақ материалдық жағдай жіктелімінде қарастыру керек. Өңірлік жіктелім бойынша талдайтын болсақ, еуропалық білімді таңдайтын жастардың көпшілігі Шығыс Қазақстан (26,4%), Жамбыл (25,4%) және Павлодар (24,4%) облыстарының жастары. Ресейде білім алғысы келетін жастардың көбісі Қостанай (24%), Шығыс Қазақстан (21,5%), Ақмола (19%) облыстарында. Қазақстанның астанасының жастарының аз бөлігінің отандық білімді таңдайтындықтарын айта кетуіміз керек (7,9%). Басым көпшілігінің Америка Құрама Штаттарында білім алғысы келеді (52,5%).

Ұлттық жіктелімдегі жағдай мынадай: «қазақстандық білім» деп жауап бергендер елдің түпкілікті ұлтының жартысын құрайды. Қазақ ұлтты респонденттердің қалған бөлігі АҚШ – 16,4% және еуропалық елдерде – 15,7% білім алуды көздейді. Орыс ұлты жастарына келер болсақ, әрбір үшінші адам жоғары білім алу үшін Ресей Федерациясын таңдайды. Орыс жастарының жоғары білім алғаннан кейін түпкілікті өмір сүру үшін қалуын жоспарлайтындары да бар (19-кесте).

**19-кесте. «Сіздің жоғары білімді қайда алғыңыз келеді? Егер Сіздің жоғары біліміңіз болса, Сізде тағы да бір мүмкіндік болған жағдайда жоғары білімді қай елде алар едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар (ұлттық жіктелімде), % өрнектелген**

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Еуропада	15,7	13,2	19,4
АҚШ	16,4	13,2	17,3
Қытайда	5	4,1	5,1
Түркияда	4,8	1,5	6,1
Ресейде	5,6	29,4	9,2
Қазақстанда	49	30,6	37,2
Жауап бере алмаймын	2,6	7,3	5,1


Материалдық жағдай бойынша жасалған корреляциялық талдау кей жағдайларда респонденттердің «Қазақстанда білім аламын» деген жауап нұсқасын өз отбасының қаржылық жағдайын бағалай келе таңдағандығын көрсетті, олар шетелде білім алудың барынша қымбат екенін түсініп, шамасының келмейтіндігін ескереді. Табыстары азық-түліктеріне ғана жететіндер арасында Қазақстанда білім аламын дегендер қатары 68,2% болды, ал респонденттің жағдайы жақсы болған сайын отандық оқу орындарына жасалатын таңдау жиілігі төмендейді. Материалдық тапшылық көрмейтін респонденттер арасындағы өз отанында білім алғысы келетіндер үлесі 44,5% (20-кесте).

**20-кесте. «Сіздің жоғары білімді қайда алғыңыз келеді? Егер Сіздің жоғары біліміңіз болса, Сізде тағы да бір мүмкіндік болған жағдайда жоғары білімді қай елде алар едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар (материалдық жағдай жіктелімінде), % өрнектелген**

	Табысымыз азық-түлікке де жетпейді	Табысымыз тек ең қажеттілерге ғана жетеді (азық-түлік және т.б.)	Табысымыз тек азық-түлікке, ең қажетті шығындарға, ұсақ тұрмыстық техника мен киімге ғана жетеді	Техника алуға табысымыз жеткілікті, бірақ жана көлік сатып ала алмаймыз	Табысымыз барлығына жетеді, жылжымайтын мүліктен басқаға (пәтер, саяжай)	Материалдық тапшылық көрмейміз, қажет болса жылжымайтын мүлік те сатып ала аламыз	Жауап бере алмаймын
Еуропада	4,5	19,7	13,5	17,4	15,3	16,8	10,4
АҚШ	27,3	16	13,4	17,7	17,2	15,1	22,9
Қытайда	0	6,6	5,7	3,7	2,7	5	6,3
Түркияда	0	4,9	4,5	4,3	3,1	2,5	8,3
Ресейде	0	9	12,2	10,6	7,7	11,8	12,5
Қазақстанда	68,2	41	46,4	40,3	51	44,5	20,8
Жауап бере алмаймын	0	2,9	3,8	4,5	1,5	2,5	18,8

Респонденттердің болашақта өз балаларының қайда білім алғанын қалайтындықтары туралы пікірлерін білу де аса маңызды еді. Бұл орайда алдында қойылған сұраққа алынған жауаптардан айырмашылық жоқ. Әрбір бесінші ата-ана немесе болашақ ата-ана баласының болашақта Еуропада оқығанын қалайды. Жартысына жуығы баласына қазақстандық білім бермекші (47%). Америкалық білім беруді құптайтындар үлесі 14%. Әр онынша респондент Ресейде оқытпақшы (5-диаграмма).

**5-диаграмма. «Сіздің балаңыздың білімді қай елде алғанын қалайсыз? Егер қазір балаңыз жоқ болса, болашақта, өскенде оларды білім алу үшін қайда жіберер едіңіз?» сұраққа алынған жауаптар, % өрнектелген**



Әрі қарай сауалнама қатысушыларының нақты пікірлері анықталды: «Сіздің қандай **ЖОО** түскіңіз келеді?» сұрағы қойылды. Бұл сұраққа 70% астам жауап алынды. Бұл есепте мәні 1% астам жауап нұсқаларын ғана көрсетіп отырмыз.

Сонымен, сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің таңдауларының патриоттық екендігін айта аламыз. Танымал шетелдік Гарвард университеті, Йель университеті, Оксфорд университеті, Кембридж университеті сияқты оқу орындары мен отандық білім беру мекемелерінің арасында жасалған таңдаулар ішінде, Назарбаев Университетінің көрсеткіші жоғары (16,5%). Рейтингде екінші болып АҚШ орналасқан Гарвард университеті (11,2%) тұрақтады. Үшінші орынды Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті алды (9,9%). Бестікке Кембридж университеті мен Оксфорд университеті 9,3% және 9%, көрсеткіштерімен кірді. Бұл сұраққа респонденттердің көпшілігінің жауап бере алмағандығын атап айту керек – 20%. Бұл сауалнамаға қатысқандардың 20% әлемдік белді университеттерде білім алуды мүлде жоспарламағандықтарын білдіреді (21-кесте).

**21-кесте. «Сіздің қандай ЖОО оқығыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Гарвард университеті (АҚШ)	11,2
Йель университеті (АҚШ)	3,1
Массачусет технология университеті (АҚШ)	3,1
Оксфорд университеті (Ұлыбритания)	9
Кембридж университеті (Ұлыбритания)	9,3
М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей)	5,5
Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Ресей)	3,8
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Қазақстан)	7,8
Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті (Қазақстан)	9,9
Астана медициналық университеті (Қазақстан)	5,6
Назарбаев Университеті (Қазақстан)	16,5
Менің жоғары білімім/ЖОО кейінгі білімім бар	8,4
Жауап бере алмаймын	20

Оқу миграциясына қатысты жастардың көзқарастарын анықтаудағы қорытынды сұрақ ретінде шетелде оқу себептерін анықтадық. Себептер қатарында білімнің сапасы басты рөлге ие, бұл көрсеткіш 36% болды. Әрі қарай респонденттер шетелде «дүниетанымды кеңейтіп, ел аралығысы келетіндіктен» таңдайтындықтарын айтты (26,1%). Елдің әрбір бесінші жас азаматы шетелдік білімді беделді деп санайды. Рейтингі «әрі қарай жұмыс жасап, сол елде өмір сүру» себебі жалғастырады, көрсеткіші 7,4%. Себептер бестігін кабинеттердің, корпустардың және оқу орындарының техникалық және компьютерлік жабдықталуының жақсы екендігі тұйықтайды (6,4%) (22-кесте).

**22-кесте. «Сіздің қандай себепке байланысты шетелде оқығыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Сапалы білім алу	36,0
Беделді білім алу	20,3
Ел аралау, дүниетанымды кеңейту	26,1
Қолайлы жатақханалардың болуы	1,4
Жоғары стипендия	5,2
Оқу корпустары жақсы	0,8
Оқу корпустарының, кабинеттер мен зертханалардың жақсы техникалық, компьютерлік жабдықталуы	6,4
Әрі қарай жұмысқа тұрып, сол елде өмір сүру	7,4
Қосымша тіл үйрену	9,0
Менің менталитетімнің жергілікті менталитетпен сәйкес еместігі	0,8
Университетке/институтқа түсу/қабылдану оңай	1,8
Тегін білім алуға болады	3,9
Мен Қазақстанда білім аламын, шетелге барғым келмейді	37,2
Бұрын сол елде тұрғанмын	0,01
Жауап бере алмаймын	2,3

Гендерлік жіктелім бойынша отандық жас азаматтардың қазақстандық білімді таңдайтындығын байқаймыз (40,7%), әйел адамдардың көрсеткіші төмендеу (33,8%). Қыздар шетелдік білімді сапалы деп жиі атаса (38,3% көрсеткішпен салыстырғанда, сәйкесінше), белді дегендері (21% - 19,7% сәйкесінше) және қосымша тіл үйренуге болады деп атағандары да бар (11,2% - 6,8% сәйкесінше) (23-кесте).

**23-кесте. «Сіздің қандай себепке байланысты шетелде оқығыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген**

	Ер адам	Әйел адам
Сапалы білім алу	33,8	38,3
Белді білім алу	19,7	21
Ел аралау, дүниетанымды кеңейту	24,9	27,3
Қолайлы жатақханалардың болуы	1,2	1,7
Жоғары стипендия	4,7	5,7
Оқу корпусы жақсы	1	0,7
Оқу корпусының, кабинеттер мен зертханалардың жақсы техникалық, компьютерлік жабдықталуы	6,3	6,6
Әрі қарай жұмысқа тұрып, сол елде өмір сүру	7,2	7,6
Қосымша тіл үйрену	6,8	11,2
Менің менталитетімнің жергілікті менталитетпен сәйкес еместігі	0,5	1,1
Университетке/институтқа түсу/қабылдану оңай	1,5	2,1
Тегін білім алуға болады	3,9	4
Мен Қазақстанда білім аламын, шетелге барғым келмейді	40,7	33,8
Бұрын сол елде тұрғанмын	0,1	0
Жауап бере алмаймын	2,4	2,3

Жас топтамалары бойынша жасалған талдау 14-18 жас аралығындағылардың болашақта жұмысқа тұру үшін қазір шетелге кеткісі келетіндіктерін көреміз. Пайыздық көрсеткіш бойынша осы топтама өкілдері Қазақстаннан тыс жердегі білімнің сапасы жоғары деп санайды. 19-23 жастағы топтама өкілдері Қазақстандық білімге қарағанда шетелдік білімді оқумен қатар турист болу мүмкіндігінің барына және қосымша шет тілін үйренуге болатындыққа байланысты таңдайды. Ересек 24-29 жас топтамасының өкілдерін патриот десек те болады, олардың көпшілігі отандық оқу орындарын таңдайды (41,6% - 33,6% (19-23 жас) және 33,3% (14-18 жас), сәйкесінше) (24-кесте).

**24-кесте. «Сіздің қандай себепке байланысты шетелде оқығыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар (жас жіктелімінде), % өрнектелген**

	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Сапалы білім алу	38,8	36,2	34,5
Беделді білім алу	20,7	21,0	19,7
Ел аралау, дүниетанымды кеңейту	24,3	29,3	24,9
Қолайлы жатақханалардың болуы	1,3	2,5	0,9
Жоғары стипендия	5,1	6,3	4,7
Оқу корпуслары жақсы	0,6	0,8	1,0
Оқу корпустарының, кабинеттер мен зертханалардың жақсы техникалық, компьютерлік жабдыкталуы	8,2	8,6	4,1
Әрі қарай жұмысқа тұрып, сол елде өмір сүру	8,6	6,9	7
Қосымша тіл үйрену	9,3	10,1	8,1
Менің манталитетімнің жергілікті манталитетпен сәйкес еместігі	1,5	0,7	0,5
Университетке/институтқа түсу/қабылдану оңай	3,0	2,0	1,1
Тегін білім алуға болады	5,3	3,0	3,9
Мен Қазақстанда білім аламын, шетелеге барғым келмейді	33,3	33,6	41,6
Бұрын сол елде тұрғанмын	-	-	0,1
Жауап бере алмаймын	3,4	1,8	2,2

### **3.2. Жастар мен мамандық таңдау факторларының кәсіби ұқсастықтары**

Кәсіби ұқсастық – объективті және субъективті тұрғыдағы кәсіби топтың, істің бірлестігі, бұл кәсіби сипаттамалар мен (нормалар, маңыздылық, мәртебе) тұлғаны сабақтастырушы фактор. Кәсіби ұқсастық тұлғаның белгілі мақсатқа бағытталған белсенділігімен бағаланады, оған кәсіпті меңгеру, кәсіби тәрбие алу мен өзін өзі тәрбиелеу жатады. Дегенмен, белгілі бір мамандық иесі болғаннан кейін жастар мүлде басқа кәсіпті таңдап жатады. Мұның қажетті білім алуға мүмкіндіктің болмауынан бастап (оқудың қымбаттығы, өзі тұратын жерде ұнайтын мамандықтың болмауы, емтихан нәтижелерінің нашарлығы және т.б.), ата-ананың көңілін қалдырмау, аға буынның кәсіби таңдауын жалғастыру сияқты себепке дейін ұласуы мүмкін.

Осы сауалнама төңірегінде респонденттерге меңгеріп үлгірген мамандықтары туралы сұрақ қойылды: **«Сіздің мамандығыңыз қандай? Қай мамандыққа оқып жатырсыз?»**. Респонденттерге ұнайтын кәсіби мамандық туралы да сұрақ қойылды: **«Сіздің қандай мамандық алғыңыз келеді?»**.

Зерттеу нәтижелері бойынша жастар арасында кеңінен тараған мамандық юриспруденция (6,3%), экономика (6,2%), медицина (6,2%), қаржы (5,5%), көлік пен коммуникация (5%), филология (4,8%), ақпараттық технологиялар (4,3%), педагогика (3,9%), есеп пен аудит (3,2%) болды.

Ұнайтын мамандықтар да осыған ұқсас: юриспруденция (13%), медицина (10,5%), экономика (7,7%), дизайн (6,5%), қаржы (5,9%), көлік және

коммуникация (5,3%), ақпараттық технологиялар (4,4%) және басқа мамандықтар (10-диаграмма).

Екі сұрақ нәтижесіне жасалған салыстырмалы талдаулар былай деп қорытындылауға мүмкіндік береді:

1. Еңбек нарығындағы сұранысқа қарамастан қазіргі таңда жұмысқа тұру кезінде жиі таңдалатын мамандықтар жастардың ойынша юриспруденция, экономика және қаржы.
2. Жаһандану және жаңару үрдістерінің кеңінен етек алуы Қазақстандық кәсіби кеңістікке көптеген жаңа мамандықтар енгізді. Ал жастар әлемдік жаңару үрдісінен кеш қалмауды жөн деп санайды. Дизайн, маркетинг, менеджмент, халықаралық қатынастар сияқты мамандықтар қазақстандық жастардың жиі таңдауына ілігеді.
3. Бұған қарама-қарсы көрсеткішке «педагогика» мамандығы ие болды. Өзінің объективті сұранысына қарамастан (жалпы білім беретін мекемелерде педагог кадрлар тапшы) жастар мұғалім/оқытушы болуды қаламайды. Респонденттердің 3,9% педагогпын десе, осы жауапты бергендер арасында педагог болғысы келмейтіндер көп болды. Осыған қарап жиырма немесе отыз жылдан кейінгі педагогика саласының ахуалын қазірден ойластыру керек деген тұжырым жасап отырмыз (6-диаграмма).

**6-диаграмма. «Сіздің мамандығыңыз қандай? Сіз қандай мамандыққа оқып жатырсыз?» және «Сіздің қандай мамандық алғыңыз келеді?» деген сұрақтарға арналған жауаптар, % өрнектелген**



Енді жастардың мамандық таңдау барысындағы себептерін анықтау орынды. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері мынаны көрсетіп отыр: респонденттердің мамандық таңдау барысындағы мотивтерінің бастысы кәсіби біліктілік алу болып табылады (23,3%), әрбір бесінші адам оқуды аяқтағаннан кейін бірден жұмысқа тұру мүмкіндігін қарастырады. Рейтингтің

үшінші орынында болашақтағы зор табыс тұр, ел жастарының 17,1% осылай деп ойлайды. Жасы 14-29 аралығындағы әрбір оныншы азамат үшін мамандық кәсіби тұрғыда даму мүмкіндігі болып табылады. Жастардың 6% үшін болашақтағы немесе қазіргі кәсіби қызметі үшін міндетті шарт болып есептеледі. Осынша адам мамандық таңдау барысында (6,3%) ата-аналарының, туыстары мен достарының кеңесіне жүгінеді. Мамандық таңдау барысында ЖОО мәртебесі, таныстардың болуы, ұқсас мамандыққа оқып жатқан жақындардың болуы сияқты себептер де ескеріледі (екі жағдайда да 0,6%) және тегін оқу мүмкіндігі маңызды рөл атқарады (0,4%) (25-кесте).

**25-кесте. «Мамандық таңдау барысында Сіз үшін не маңызды немесе Сіз оқуға түсіп жатқанда мамандық таңдауыңыздың негізгі себебі қандай болды?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Кәсіби біліктілік алу	23,3
Жұмысқа тұру	18,1
Болашақата көп табыс табу	17,1
Әрі қарай кәсіби тұрғыда жетілу мүмкіндігі	11
Шығармашылық және қызықты қызмет	6
Жаңа дүниелерді меңгеру, дүниетанымды кеңейту	3,6
Ата-ананың, жақындар мен ұстаздардың кеңесі	6,3
Ұқсас мамандыққа оқып жүрген таныстардың болуы	0,6
Қайда оқысам да бәрібір	1,2
Студенттік өмірдің қызығын көру мүмкіндігі	0,4
Жоғары білімнің қажеттігі	1,7
Түскен оқу орынының беделі	0,6
Менің кәсіби білімім жоқ	7,8
Тегін оқу мүмкіндігі	0,4
Пайдамды келтіру, жақсылық жасау	0,01
Жауап бере алмаймын	1,5

Қорыта келе, жастардың мамандық таңдауға айтарлықтай жауапкершілікпен қарайтындығын айтамыз. Негізгі себептер рейтингінде объективті, өзекті мәселелер тұр, мәселен, білім алу, жұмысқа тұру, кәсіби тұрғыда өсу және болашақта табыс табу. Зерттеу қорытындылары сарапшылардың бүгінгі таңда көптеген жастар тегін алуға болатын және беделі жоғары мамандықтарды ғана таңдайды деген пікірлерін жоққа шығарады.

### **3.3. Қосымша білім алу мен студент алмасу жөніндегі оқу бағдарламалары: артықшылықтар мен мүмкіндіктер**

Бұл тармақта респонденттерге студент алмасу жөніндегі оқу бағдарламаларымен қаншалықты таныс екендіктерін анықтауға бағытталған сұрақтар мен олардың нәтижелері қарастырылып отыр. Зерттеудің сырттай



өткізілген бөлігінде жеке тұлғалардың Қазақстанда/шетелде білім алған жастардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы сұрақ та қойылды.

Сауалнама анкетасының «Сіз студент алмасу жөніндегі қандай оқу бағдарламаларын білесіз?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі (73,7%) «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы білетіндіктерін, бірақ оған қатыспағандықтарын айтты.

24,6% трансферлік бағдарламалар туралы естігендерін мәлімдеді, бұл бағдарлама бойынша кіші курс студенттері шетелдік ЖОО оқуға/оқуларын аяқтауға жіберіледі.

22,7% «Foundation» бағдарламасын біледі, бірақ оған қатыспаған. Студент алмасу жөніндегі халықаралық оқу бағдарламаларының топтамасын үш күндік интербелсенді «PreparED» бағдарламасы тұйықтап тұр, оның көрсеткіші 13,9%.

Қазақстан жастарының аз ғана бөлігі аталған бағдарламалардың қатысушысы болған. Респонденттердің 0,8% «Болашақ» және «Foundation» бағдарламасына, 0,9% үш күндік интербелсенді «PreparED» бағдарламасына қатысқан екен. Жастардың 1,6% трансферлік бағдарламаға қатысушы болған (26-кесте).

**26-кесте. «Сіз студент алмасу жөніндегі қандай оқу бағдарламаларын білесіз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	Естідім, бірақ қатысқан жоқпын	Өтініш бердім, бірақ қатысқан жоқпын	Қатыстым	Білмеймін
Халықаралық «Болашақ» стипендиясы	73,7	2,2	0,8	23,3
«Foundation» бағдарламасы	22,7	0,6	0,8	75,8
Үш күндік интербелсенді «PreparED» бағдарламасы	13,9	1,2	0,9	83,9
Трансферлік бағдарлама (кіші курс студенттері шетелдік ЖОО оқуға/оқуларын аяқтауға жіберіледі)	24,6	1,8	1,6	72,1

Оқу бағдарламаларына қатысқандардың көпшілігі Қазақстан астанасының – Астана қаласының жастары болды. Астаналық жастар көбіне оқу бағдарламаларына қатысушы болады: үш күндік интербелсенді «PreparED» бағдарламасы (5,9%) мен трансферлік бағдарлама (6%).

Бұдан кейін әр түрлі оқу бағдарламалары, жобалар, стипендиялар, гранттар туралы ақпаратты Қазақстан жастарының қандай мәлімет көзінен алатындығын анықтау маңызды болды. Ресурстар арасында мыналар болды: телеарналар, баспа БАҚ, радио, әлеуметтік желілер, туысқандар, достар және таныстар сияқты әлеуметтік агенттер.

11-диаграммада көрсетілгендей, жастардың 59,5% әлеуметтік желіні ақпарат алатын негізгі көз деп атады (ВКонтакте, Facebook, Instagram, Mail.ru

және т.б.). Екінші орында телеарналар – 37%. Сауалнамаға қатысқан әр төртінші адам ақпаратты таныстарынан, туыстарынан алатынын айтты (25,4%). Ел жастарының 12,6% оқу бағдарламаларына, гранттарға қызықпайтынын айтты, сондықтан ол туралы ақпарат іздемейді. Дәстүрлі ақпарат көздері арасынан көрсеткіші ең төмені баспа БАҚ болды (2,4%) (7-диаграмма).

**7-диаграмма. «Сіз әр түрлі оқу бағдарламалары, жобалар, стипендиялар, гранттар және т.б. туралы мәліметтерді қандай ақпарат көзінен аласыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Материалдық жағдай бойынша жасалған талдау мына тенденцияны көрсетті: респонденттің материалдық жағдайы неғұрлым төмен болса, оның түрлі оқу бағдарламалары туралы ақпарат іздеп, оларға қызығуы соғұрлым сирек. Сұраққа «Оқу бағдарламасына, гранттарға қызықпаймын, сондықтан ол туралы ақпарат іздемеймін» деген жауапты респонденттердің 13,6% таңдады, бұлардың қаражаты тек азық-түлікке ғана жетеді, респонденттердің 12,7% материалдық жағдайы нашар. Ал материалдық тапшылық көрмейтін қазақстандықтардың тек 1,7% оқу бағдарламаларына қатысқылары келмейтіндіктерін айтты (27-кесте).


**«Сіз әр түрлі оқу бағдарламалары, жобалар, стипендиялар, гранттар және т.б. туралы мәліметтерді қандай ақпарат көзінен аласыз?» сұрағына алынған жауаптар (материалдық жағдай жіктелімінде), % өрнектелген**

	Табысымыз азық-түлікке де жетпейді	Табысымыз тек ең қажеттілерге ғана жетеді (азық-түлік және т.б.)	Табысымыз тек азық-түлікке, ең қажетті шығындарға, ұсақ тұрмыстық техника мен киімге ғана жетеді	Техника алуға табысымыз жеткілікті, бірақ жана көлік сатып ала алмаймыз	Табысымыз барлығына жетеді, жылжымайтын мүліктен басқаға (пәтер, саяжай)	Материалдық тапшылық көрмейміз, қажет болса жылжымайтын мүлік те сатып ала аламыз	Жауап бере алмаймын
Әлеуметтік желілер (ВКонтакте, Facebook, Instagram, Mail.ru және т.б.)	50	61,9	54,3	59,3	65,9	72,3	68,8
Телеарналар	31,8	41,4	34,6	37,7	37,2	41,2	35,4
БАҚ	9,1	21,7	22,4	26,3	23,8	23,5	20,8
Туыстар, таныстар мен достар	31,8	24,2	25,2	25,2	24,9	26,1	35,4
Басқа ақпарат көзі	4,5	10,2	5,8	6,9	4,6	8,4	12,5
Газет	22,7	10,7	5,8	5,4	5,7	6,7	8,3
Радио	9,1	3,7	1,6	2,8	1,9	3,4	2,1
Оқу бағдарламаларына, гранттарға қызықпаймын, сондықтан ол туралы ақпарат іздемеймін	<b>13,6</b>	<b>12,7</b>	<b>19,1</b>	<b>10,4</b>	<b>5</b>	<b>1,7</b>	<b>0</b>
Оқу орны	0	2,5	1,6	2,1	2,3	2,5	0
Жауап бере алмаймын	4,5	0	0,9	2,1	0,8	0	6,3

Қазақстандықтардың қосымша білім алу үшін қандай бағдарламаларды таңдайтындықтарын білу де маңызды. Осыған байланысты респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: **«Егер Сізде қосымша білім алу үшін шетелге кету мүмкіндігі пайда болса, Сіз қандай бағдарламаны таңдар едіңіз?»**.

Респонденттердің бұл сұраққа берген жауаптарының көрсеткіштері жуықтас болды. Мерзімі 3-6 ай аралығындағы тілдік курстар (20%) үздік көрсеткішке ие. Әрі қарай 19,8% және 18,8% көрсеткіштерімен магистратура, докторантура және мерзімі 3-6 ай аралығындағы кәсіби тәжірибе болды. Өз кезегінде респонденттердің 11,2% ұзақтығы 2 апта – 1 ай болатын қысқа мерзімдік тілдік курстарды таңдады. Осынша респондент шетелге Work and Travel бағдарламасы бойынша баратын едім деген, бұл ел жастарының арасындағы әрбір оныншы адам. Қосымша оқу бағдарламалары арасындағы сұранысы ең төмен бағдарлама 2-4 аптаға ұласатын семинарлар – 5,2%. Бұл сұраққа жастардың 15% жауап бере алмады (8-диаграмма).

**8-диаграмма. «Егер Сізде қосымша білім алу үшін шетелге кету мүмкіндігі пайда болса, Сіз қандай бағдарламаны таңдар едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Осыдан кейін біздің жас қазақстандықтардың шетелде алған жоғары білімі бар жағдайда жұмысқа тұруларының артықшылықтары мен қосымша мүмкіндіктерін анықтағымыз келді. Ол үшін сауалнаманың қатысушыларына келесі сұрақты қойдық: **«Сіз қалай ойлайсыз, біздің елде жұмысқа тұру барысында шетелде бітірген оқуы бар жас қазақстандық азамат/азаматша қандай артықшылықтарға/қосымша мүмкіндіктерге ие?»**.

Жауаптың ұсынылған нұсқаларының арасынан «Беделді компанияларға жұмысқа шақырту алу» нұсқасы үздік болды - 25,8%. Ал 24,2% респондент шетелде оқу бітіргендер отандық білім алғандармен салыстырғанда жалақыны артық алады деп санайды. Респонденттердің 15,5% лауазымының жылдам өсетіндігін меңзейді. Дегенмен, 15,4% жастар қазақстандық білім алғандар мен шетелдік білім алғандардың мүмкіндіктерінен ешқандай айырмашылық байқамады, жұмысқа тұру барысында қай жерде білім алғаның маңызды емес деп санайды. Бұл сұраққа 6,2% жауап бере алмады (28-кесте).

**28-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, біздің елде жұмысқа тұру барысында шетелде бітірген оқуы бар жас қазақстандық азамат/азаматша қандай артықшылықтарға/қосымша мүмкіндіктерге ие?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Еңбек ақысы неғұрлым жоғары (жалақысы көп)	24,2
Лауазымы жылдам өседі	15,5
Беделді компанияға жұмысқа шақырту алады	25,8
Ұлттық компанияға жұмысқа шақырту алады	8,2
Жұмыс орнын таңдай алады	10
Қызықты жұмыспен айналыса алады	4,8
Шетелдік білім Қазақстанда жұмысқа тұру барысында ешқандай маңызды емес	15,4
Жауап бере алмаймын	6,2

Деректерге гендерлік жіктелімде жасалған талдау жауаптар арасындағы айырмашылықты көрсеткен жоқ. Дегенмен, шетелдік білім үлкен мүмкіндіктер береді деген пікір мен оның маңызды еместігін атағандар пікірі екіге жарылды. «Теңіздің арғы жағынан» алып келген дипломның артықшылығы жоқ деп әйелдерге қарағанда ер адамдар жиі айтады. Ер азаматтардың 17,7% және әйел адамдардың 13,1% **«шетелдік білім Қазақстанда жұмысқа тұру барысында маңызды емес»** деген жауапты таңдаған (29-кесте).

*23-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, біздің елде жұмысқа тұру барысында шетелде бітірген оқуы бар жас қазақстандық азамат/азаматша қандай артықшылықтарға/қосымша мүмкіндіктерге ие?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген*

	Ер адам	Әйел адам
Еңбек ақысы неғұрлым жоғары (жалақысы көп)	24,3	24,2
Лауазымы жылдам өседі	14,4	16,7
Беделді компанияға жұмысқа шақырту алады	25	26,6
Ұлттық компанияға жұмысқа шақырту алады	7,5	9
Жұмыс орнын таңдай алады	9,9	10,2
Қызықты жұмыспен айналыса алады	4,9	4,8
Шетелдік білім Қазақстанда жұмысқа тұру барысында ешқандай маңызды емес	17,7	13,1
Жауап бере алмаймын	6,3	6,1

Қорыта келе, қазақстандық білім мен шетелдік білімнің артықшылықтары мен басымдықтарын анықтау үшін респонденттерге соңғы сұрақ қойылды: **«Сіз қалай ойлайсыз, жас қазақстандықтар шетелдік мамандық иесі бола тұрып қазақстандық білімі бар тұлғаларға қарағанда елдің дамуы мен болашағы үшін көп қызмет жасап, пайдасын тигізе ала ма?»**

Жастардың 60% астамы («иә» және «солай шығар» жауаптарын қоса алғанда) шетелдік білімі бар жұмыскерлер елдің дамуы үшін көптеген пайдалы істер атқара алады деп жауап берді. Ал 28,4% («жоқ» және «олай емес шығар» жауаптарын қоса алғанда) отандық және шетелдік диплом иелерінің қызметтерінің арасында айырмашылық жоқ деді, тағы 9,6% сұраққа жауап бермеді (30-кесте).

**30-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жас қазақстандықтар шетелдік мамандық иесі бола тұрып қазақстандық білімі бар тұлғаларға қарағанда елдің дамуы мен болашағы үшін көп қызмет жасап, пайдасын тигізе ала ма?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Иә	21,1
Солай шығар	40,2
Олай емес шығар	17,4
Жоқ	11
Қазақстандық немесе шетелдік білім иелерінің арасында айырмашылық жоқ	0,5
Әр адамның өзіне байланысты	0,1
Жауап бере алмаймын	9,6

### **Тарау бойынша қорытындылар**

Жастардың көзқарасы бойынша мамандықтардың маңызды түрлері, мамандықтардың еңбек нарығындағы сұранысына қарамастан және жұмысқа тұру барысында кездесетін қиындықтарға қарамастан әлі де юриспруденция, экономика және қаржы болып отыр.

Жаһандану және жаңару үрдістерінің кеңінен етек алуы қазақстандық кәсіби кеңістікке көптеген жаңа мамандықтар енгізді. Ал жастар әлемдік жаңару үрдісінен кеш қалмауды жөн деп санайды. Дизайн, маркетинг, менеджмент, халықаралық қатынастар сияқты мамандықтар қазақстандық жастардың жиі таңдауына ілігеді.

Бұған қарама-қарсы көрсеткішке «педагогика» мамандығы ие болды. Өзінің объективті сұранысына қарамастан (жалпы білім беретін мекемелерде педагог кадрлар тапшы) жастар мұғалім/оқытушы болуды қаламайды. Респонденттердің 3,9% педагогпын десе, осы жауап бергендер арасында педагог болғысы келмейтіндер көп болды. ***Осыған қарап жиырма немесе отыз жылдан кейінгі педагогика саласының ахуалын қазірден ойластыру керек деген тұжырым жасап отырмыз.***

Негізгі себептер рейтингінде объективті, өзекті мәселелер тұр, мәселен, білім алу, жұмысқа тұру, кәсіби тұрғыда өсу және болашақта табыс табу. Зерттеу қорытындылары сарапшылардың бүгінгі таңда көптеген жастар тегін алуға болатын және беделі жоғары мамандықтарды ғана таңдайды деген пікірлерін жоққа шығарады.

Респонденттердің көпшілігі «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы біледі. Трансферлік бағдарламалар туралы естіген, бұл бағдарлама бойынша кіші курс студенттері шетелдік ЖОО оқуға/оқуларын аяқтауға жіберіледі. Аздаған бөлігі «Foundation» бағдарламасын біледі, бірақ оған қатыспаған. Жастардың саусақпен санайтын бөлігі ғана аталған бағдарламаға қатысушы болған (әр бағдарлама бойынша 2% аспайды).

Әр түрлі оқу бағдарламалары, жобалар, стипендиялар, гранттар туралы ақпаратты Қазақстан жастары мына ресурстардан алады: телеарналар, әлеуметтік желілер, туысқандар, достар және таныстар сияқты әлеуметтік агенттер.

Респонденттер шетелде оқу бітіргендер отандық білім алғандармен салыстырғанда жалақыны артық алады деп санайды. Артықшылықтар арасында беделді компанияларға жұмысқа шақырту алу, лауазымының жылдам өсетіндігі бар.

## 4-тарау. Қазақстан жастарының еңбек миграциясы

### 4.1. Жастардың Қазақстанда және шетелде жұмысқа тұруы: кедергілер мен оларды шешу амалдары


Қазақстанның әрбір жас азаматының өміріндегі маңызыды кезең жұмысқа орналасу уақыты болып саналады. Жастар өздерінің жас ерекшелігіне байланысты және кәсіби салада тәжірибесінің жетіспейтіндігіне байланысты қиыншылық көреді, бірақ инновациялық және шығармашылық потенциалы, жұмыс жасауға деген құлшыныстары зор.

Осы әлеуметтік жоба аясында көзделген мәселе, бұл - жастардың Қазақстан төңірегінде де, шетелде де жұмысқа тұру барысында кездестіретін кедергілерін анықтау еді.

Кіріспе сұрақ ретінде жас қазақстандықтардың еңбектенуге қатысты көзқарасын анықтайтын сауал қойылды.

Нәтижелер мынаны көрсетіп отыр: сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (53,6%) үнемі еңбектенгенді жақсы көреді. Қазақстан жастары арасындағы әр үшінші адам еңбектің жақсы материалдық нәтижеге жеткізуінің керектігін атады. Әр оныншы (10,6%) респондент жеңіл еңбекті қалайды, сәйкесінше, төлеміне де қанағаттанады. Ал 2,3% еңбектену үрдісіне әлеуметтік құбылыс ретінде дербес бағасын бере алмады (9-диаграмма).

9-диаграмма. «Өзіңіздің еңбекке қатысты көзқарасыңызды қалай білдіре аласыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген



Бұл сұрақтағы жас жіктелімінде кейбір ерекшеліктер байқалады. Еңбектенуге қатысты ниеттілік пен орынды көзқарас ересектерге тән: 14-18 жастағылар арасында «еңбектенгенді үнемі жақсы көремін» деген жауапты таңдағандар үлесі 50,2%, ал қалған екі топта көрсеткіш коэффициенті артып отыр – 53,1% және 55,6%, сәйкесінше. Жасы 14 – 18 аралығындағы жастар «жеңіл жұмыс жасап, көп ақша табуды» көздейді. Пайызбен өрнектейтін



болсақ: бұл санат өкілдерінің 12,2% еңбектенуді жақсы көреміз, тек табысы жоғары, ал жұмыстың оңай болуы керек деді (қалған топтар бойынша пайыздық көрсеткіш 9,9% және 10,3% сәйкесінше). Осы топ «еңбектенгенді ұнатпаймын, маған ақшаны «тер төкпей табу» ұнайды» дегендер қатары 3,8% (2,3% және 2,1% көрсеткіштерімен салыстырғанда) (31-кесте).


**31-кесте. «Өзіңіздің еңбекке қатысты көзқарасыңызды қалай білдіре аласыз?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімінде), % өрнектелген**

	14-18 лет	19-23 лет	24-29 лет
Еңбектенгенді үнемі жақсы көремін	50,2	53,1	55,6
Маған жақсы ақша әкелетін жеңіл еңбек ұнайды	26,2	31,6	30,7
Мен еңбектенуді ұнатпаймын, маған «тер төкпестен» ақша табу ұнайды	12,2	9,9	10,3
Мен тек ақысы жақсы еңбекті ұнатамын	3,8	2,3	2,1
Еңбектенуді ешқашан ұнатқан емеспін	1,1	1,2	0,2
Жауап бере алмаймын	5,7	1,8	1

Әрі қарай зерттеу тобы жастардың шетелде жұмысқа тұру мүмкіндіктерін қалай бағалайтындықтарын анықтауды орынды деп шешті.

Айта кететін жайт – *жастар өздері көшіп кететін қалада/елде жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне барынша оптимисті баға береді.* Респонденттердің 42% жұмысқа тұру мүмкіндіктерін орташа деңгейде бағалайды. Әр үшінші адам өз мүмкіндігіне «жоғары» баға береді. Әрбір оныншы Қазақстан азаматы өзінің шетелде жұмысқа тұра алатындығына күмән келтірмейді. Керісінше пікірдегілер қатары 8,6% («нашар» және «мүмкіндік жоқ» жауаптарын қоса алғанда), олар жұмыс іздеу барысында біліктіліктері мен мамандықтары қажетті жұмыс үшін жеткіліксіз болады деп санайды. Бұл сұраққа жастардың 7,1% жауап бере алмады (10-диаграмма).

**10-диаграмма. «Сіз мамандығыңыз бен біліктілігіңіз бойынша көшкіңіз келетін қалада/елде жұмысқа тұру мүмкіндігіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Жас бойынша жіктелім мына тенденцияны көрсетіп отыр: болашақ мигранттың жасы неғұрлым кіші болса, оның ұстанымы соғұрлым белсенді. 40,7% көрсеткішпен 14-18 жас аралығындағылар өздерінің шетелде жұмысқа тұру мүмкіндіктерін «жоғары» деп бағалайды, бұл жасөспірімдердің кәсіби тәжірибелері мен қызметтік дағдыларының жетіспеушілігіне қарамастан анықталған көрсеткіш. Бұл пікірмен 19-23 аралығындағы жастардың 31,6% келіседі және 24-29 жастағылардың 25,6% осы пікірге қосылады. Ересектер тобының көзқарастары барынша анық және ұтымды - 50/50, жартысы өз мүмкіндіктеріне «орташа» баға береді (32-кесте).

**32-кесте. «Сіз мамандығыңыз бен біліктілігіңіз бойынша көшкіңіз келетін қалада/елде жұмысқа тұру мүмкіндігіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (жас ерекшелігі жіктелімінде), % өрнектелген**


	14-18	19-23	24-29
Оте жоғары	11,9	16,5	7,7
Жоғары	40,7	31,6	25,6
Орташа	35,6	34,2	50,4
Нашар	1,7	5,1	7,7
Мүмкіндік жоқтың қасы	1,7	5,1	2,6
Жауап бере алмаймын	8,5	7,6	6

Ұлттық жіктелім бойынша жасалған талдаулар мынадай болды: жауаптардың ұсынылған барлық нұсқалары арасынан «өте жоғары» деген жауапты қазақ жастарының 13,8% және «жоғары» деген жауапты 31,5% таңдады, орыс ұлты жастары мен басқа ұлт өкілдері өз мүмкіндіктерін «орташа» деп бағалайды - 43,5% және 45,5%, сәйкесінше.

Осыдан соң біз респонденттердің лауазымның өсуі үшін қай жердің қолайлы екендігін анықтауды абзал деп шештік, Қазақстанда ма немесе шетелде ме. Осы сұраққа және алдында қойылған сұраққа басқа елге ТТЖ көшуді жоспарлап жүрген жастардың белсенді жауап бергендігін ескере кету

керек. Нәтижесінде мынадай жағдай анықталды: жауап бергендердің басым көпшілігі Қазақстаннан тыс жерде лауазымды жақсартуға мүмкіндік зор деп санайды. Олармен келіспейтін респонденттер үлесі 28,5%. Әр бесінші респондент бұл сұраққа жауап бермеді (11-диаграмма).

*11-диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, лауазымды өсіру үшін қай жерде мүмкіндік көп, Қазақстанда ма немесе шетелде ме?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген*



Өңірлік жіктелім талдауы тұрғындардың көзқарастарының арасында айырмашылықтың бар екендігін көрсетті. Өңірлер бойынша Қазақстанда лауазымдық өсудің мүмкін екендігіне сенбейтін жастар Батыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Астана қаласында көп. Олармен Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облысының жастары келіспейді, Қазақстанды кәсіби тұрғыдан өсуге мінсіз жер деп санайды (33-кесте).

*33-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, лауазымды өсіру үшін қай жерде мүмкіндік көп, Қазақстанда ма немесе шетелде ме?» сұрағына алынған жауаптар (өңірлік жіктелімде), % өрнектелген*

	Қазақстанда	Шетелде	Жауап бере алмаймын
Ақмола	20	40	40
<b>Ақтөбе</b>	<b>77,8</b>	<b>11,1</b>	<b>11,1</b>
Алматы	45	55	0
Атырау	60	40	0
ШҚО	29	51,6	19,4
Жамбыл	31,6	57,9	10,5
БҚО	<b>0</b>	57,1	42,9
Қарағанды	19	59,5	21,4
Қостанай	<b>3,7</b>	66,7	29,6
<b>Қызылорда</b>	<b>100</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Маңғыстау</b>	<b>60</b>	<b>20</b>	<b>20</b>
Павлодар	42,9	57,1	0
СҚО	33,3	16,7	50
ОҚО	22,2	50	27,8
Астана қаласы	<b>15,8</b>	73,7	10,5
Алматы қаласы	37,5	43,8	18,8

Лауазымның артуы мен өмір сүру сапасына келер болсақ респонденттердің Қазақстанның қай өңірінде өмір сапасының жақсы және дамуға мүмкіндіктердің көп екендігі туралы пікірлері ерекше болды. Мұндай қала ретінде Астана қаласы мен Алматы қаласы (53,4% және 46,3% сәйкесінше) аталды. Бұл ешқандай күмән тудырмады, республикалық маңызы бар екі қала да экономикалық тұрғыдан да, техникалық тұрғыдан да, технологиялық тұрғыдан да жақсы дамыған. Ал облыстар арасында Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бар (15,5% және 13,9%). **Тартымдылық көрсеткіші төмен өңірлер респонденттердің айтуы бойынша солтүстік өңір – Қостанай (2,2%), Павлодар (2,6%), Солтүстік Қазақстан (2,6%) облыстары, оңтүстік өңірлер – Жамбыл (2%), Қызылорда (2,4%) облысы және Шығыс Қазақстан облысы - 2,7%.** Осыған байланысты аталған өңірлерге иммиграцияның баяу болатындығын және аталған өңірлерден жұмыс күшінің кету ағымының жоғары болатындығын болжауға болады, әрине, бұл өңірлердің экономикалық және демографиялық жағдайына өз әсерін тигізеді. Сондықтан, орталық және жергілікті атқару органдарының ең алдымен еліміздің шығыс және оңтүстік өңірлерінің ішкі жағдайын тұрақтандыратын шараларды заңнамалық негізді қолға алулары қажет (34-кесте).

**34-кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанның қай өңірлерінде өмір сүру сапасы жақсы, жұмыс табу оңай және дамуға мүмкіндіктер көп?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Ақмола облысы	8,7
Ақтөбе облысы	6,4
Алматы облысы	14
Атырау облысы	13,9
Шығыс-Қазақстан облысы	2,7
Жамбыл облысы	2
Батыс Қазақстан облысы	4,9
Қарағанды облысы	7
Қостанай облысы	2,2
Қызылорда облысы	2,4
Маңғыстау облысы	8,7
Павлодар облысы	2,6
Солтүстік Қазақстан облысы	2,6
Оңтүстік Қазақстан облысы	15,5
Алматы қаласы	46,3
Астана қаласы	53,4
Жауап бере алмаймын	1

Респонденттердің ел өңірлерінің аттракциясы туралы пікірлерін ішкі миграция әлеуетімен салыстыра отырып, нәтижелердің жуықтас екендігін анықтадық. Республиканың басқа өңіріне көшу бойынша көпшілігі елдің астанасын таңдайды – 26,3% және оңтүстік астанамызды таңдайды– 22%.

Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші тұлғаның өз елді мекенінде тұрудың болашақтағы перспективалары туралы айтқандығын да ескеру керек. Бұл пікірді көбіне жас жігіттер әйелдерге қарағанда жиі айтты (19% - 16,8%, сәйкесінше), ал жас ерекшеліктері 24-29 аралығында.

Ел жастарының арасынан әрбір үшінші тұлға Қазақстанның барлық өңірлерінде мүмкіндіктер бірдей, сондықтан ел ішінде көшудің қажет жоқ деп санайды. Бұл пікірді ұстанғандардың көпшілігі орыс жастары (орыстар-35,7%, қазақтар – 23,8%, басқа ұлт өкілдері – 33,2%) (35-кесте).

**35-кесте. «Сіздің өзіңіз тұрып жатқан елді мекеннен Қазақстанның басқа өңіріне көшкіңіз келе ме, себебі басқа өңірде жұмысқа тұру, кәсіби тұрғыда даму мүмкіндіктері көп? Қай облысқа көшетін едіңіз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**

	%
Ақмола облысы	3
Ақтөбе облысы	2
Алматы облысы	4,8
Атырау облысы	3,1
Шығыс Қазақстан облысы	0,9
Жамбыл облысы	0,7
Батыс Қазақстан облысы	0,8
Қарағанды облысы	3,4
Қостанай облысы	1
Қызылорда облысы	0,6
Маңғыстау облысы	2,1
Павлодар облысы	1,1
Солтүстік Қазақстан облысы	0,7
Оңтүстік Қазақстан облысы	1,8
Алматы қаласы	22
Астана қаласы	26,3
Өзім тұрып жатқан елді мекенде де мүмкіндіктер жақсы, ешқайда көшкім келмейді	17,9
Ешқайда көшкім келмейді, Қазақстанның барлық өңірлерінде мүмкіндіктер бірдей	27,1
Жауап бере алмаймын	2,6

Ал енді жастардың жұмысқа тұру мәселесін жалпы қарастырып көрейік: біріншіден, қандай қасиеттерге ие болу керектігін, екіншіден жастар тұрып жатқан жерде жұмысқа тұруға ненің кедергі екендігін анықтайтын боламыз.

Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: **«Сіздің ойыңызша Сіз тұрып жатқан елді мекенде жастардың жұмысқа тұруына не кедергі болады?»**. Алынған жауаптар сан алуан болды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі өздері тұрып жатқан елді мекенде жұмысқа тұрудың басты кедергісі жастардың тәжірибесіз болуы деп санайды, көрсеткіші 42,6%. Негізгі кедергілер рейтингінде екінші орынды «жалақының төмендігі» алды. Респонденттердің 37,4% жастардың жұмыссыздығын жұмыс берушілердің ұсыныстарының жас қызметкерлер талабына сай болмауымен

байланыстырады. Себептер үштігінде аймақта бос жұмыс орнының болмауы бар – 27,8% (36-кесте).

**36-кесте. «Сіздің ойыңызша Сіз тұрып жатқан елді мекенде жастардың жұмысқа тұруына не кедергі болады?», % өрнектелген**

	%
Жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі	16,1
Алған білім мен бос жұмыс орының қызметтік талаптарының сай болмауы	17,6
Жұмыс өтілінің болмауы	42,6
Жемқорлық, парақорлық, жұмыс берушілердің тарапынан	25,5
Этникалық (ұлттық) белгі бойынша кемсіту	3,1
Әйел немесе еркек болғандықтан орын алатын кемсіту	1,2
Денсаулық жағдайы	3
Төмен жалақы	37,4
Кішкентай баланың болуы	3
Жас мамандардың амбицияларының жоғары болуы	4,6
Аймақта бос жұмыс орнының болмауы	27,8
Кедергі жоқ	8
Зейнетақы аударымы аз	0,01
Жастар ұстанымының «оңай ақша табу» болуы	0,01
Жалқаулық және масылдық	0,1
Зейнет жасының ұзартылуы	0,01
Жауап бере алмаймын	4,7

Жұмыс орындарының жетіспейтіндігі Ақмола және Ақтөбе облысының жастары жиі айтты (43% және 54,5%). **Жастардың жұмысқа тұруына жұмыс берушілердің парақорлығы кедергі деп ойлайды, бұл пікірді ел жастарының арасынан әрбір төртінші тұлға атады. Әсіресе бұл туралы еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінің тұрғындары көп айтты: Жамбыл (37,7%), Оңтүстік Қазақстан (35,9%), Қызылорда (33,7%) облыстары, Атырау (33,8%), Маңғыстау (35,1%) облысы.** Бұған аталған өңірлердегі бақылау органдарының назар аударуы керек. Респонденттер берген жауаптар арасында «жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетінің төмен болуы» айтылды - 16,1% және «алған білім мен бос жұмыс орнының қызметтік талаптарының сай болмауы» көрсетілді - 17,6%.

Тиісті мемлекеттік бақылау органдарының назарын талап ететін тағы бір мәселе: орыс ұлты өкілдерінің 6,8% және басқа ұлт өкілдерінің 7,1% жұмысқа тұру барысында ұлттық ерекшелік бойынша кемсіту орын алады деп көрсетті (37-кесте).

**37-кесте. «Сіздің ойыңызша Сіз тұрып жатқан елді мекенде жастардың жұмысқа тұруына не кедергі болады?» (ұлттық жіктелімде), % өрнектелген**

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Жас мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі	17,4	14,7	9,7
Алған білім мен бос жұмыс орының қызметтік талаптарының сай болмауы	16,4	23	15,8
Жұмыс өтілінің болмауы	41,8	45,8	41,8
Жемқорлық, парақорлық, жұмыс берушілердің тарапынан	27,4	15,9	31,1
Этникалық (ұлттық) белгі бойынша кемсіту	1,5	6,8	7,1
Әйел немесе еркек болғандықтан орын алатын кемсіту	0,9	2,3	2
Денсаулық жағдайы	3,2	3,5	1
Төмен жалақы	36,7	40,5	36,7
Кішкентай баланың болуы	2,6	3,5	5,6
Жас мамандардың амбицияларының жоғары болуы	4,8	3,5	5,1
Аймақта бос жұмыс орнының болмауы	26	35,9	25
Кедергі жоқ	9,6	4,1	5,1
Зейнетақы аударымы аз	0	0,3	0
Жастар ұстанымының «оңай ақша табу» болуы	0,1	0	0
Жалқаулық және масылдық	0,2	0	0
Зейнет жасының ұзартылуы	0	0	0,5
Жауап бере алмаймын	5	3,8	4,1

Қорытынды сұрақ ретінде еңбек миграциясына қатысты жастарға жетістіктерге жету үшін қандай қасиеттердің және ресурстардың болуы керектігі туралы сұрақ қойылды.

Қазақстандық жастар «must have» қатарына мыналарды жатқызды: жақсы білімнің болуы тиіс (59,5%), жоғары біліктілік (44,6%), үш тілді меңгеру – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілі – 38,2% және таныстардың болуы (21,7%). Сәтті тұрмыс құру (үйлену) – 1,6% және келбеттің тартымды болуы – 2,8% (12-диаграмма).

**12-диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жастардың лауазымдық жетістікке жетуі үшін қандай қасиеттерінің және ресурстарының болуы керек?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Жауаптың «заңды тұрғыдан сауатты болу керек» деген нұсқасы назарсыз қалмады, оны әрбір бесінші адам таңдады. Жауап бергендердің 12,8% жетістікке жету үшін ерекше қабілетті болу керек деп санайды. Жауаптың бұл нұсқасын таңдағандар арасында қазақ жастары көп (18,7% бірінші жағдайда және екінші жағдайда 13,35).

### **Тарау бойынша қорытындылар**

Талдаулар жастар санасында еңбектенудің маңызды екендігінің байқалатынын көрсетіп отыр. Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан астамы еңбектенуді жақсы көретіндіктерін айтты. Қазақстан жастарының арасындағы әр үшінші азамат еңбекті материалдық ахуалды жақсартушы



құрал деп бағалайды. Әр оныншы респондент жеңіл еңбекті қалайды, сәйкесінше, төлеміне де қанағаттанатындығын айтты.

Айта кететін жайт – жастар өздері көшіп кететін қалада/елде жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне барынша оптимисті баға береді. Респонденттердің 42% жұмысқа тұру мүмкіндіктерін орташа деңгейде бағалайды. Әр үшінші адам өз мүмкіндігіне «жоғары» баға береді. Әрбір оныншы Қазақстан азаматы өзінің шетелде жұмысқа тұра алатындығына күмән келтірмейді. Керісінше пікірдегілер қатары жұмыс іздеу барысында біліктіліктері мен мамандықтары қажетті жұмыс үшін жеткіліксіз болады деп санайды.

Жастардың басым көпшілігі Қазақстаннан тыс жерде лауазымды жақсартуға мүмкіндік зор деп санайды. Өңірлік жіктелім талдауы тұрғындардың көзқарастарының арасында айырмашылықтың бар екендігін көрсетті. Өңірлер бойынша Қазақстанда лауазымдық өсудің мүмкін екендігіне сенбейтін жастар Батыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Астана қаласында көп. Олармен Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облысының жастары келіспейді, Қазақстанды кәсіби тұрғыдан өсуге мінсіз жер деп санайды.

Лауазымның артуы мен өмір сүру сапасына келер болсақ респонденттердің Қазақстанның қай өңірінде өмір сапасының жақсы және дамуға мүмкіндіктердің көп екендігі туралы пікірлері ерекше болды. Мұндай қала ретінде Астана қаласы мен Алматы қаласы аталды. Бұл ешқандай күмән тудырмады, республикалық маңызы бар екі қала да экономикалық тұрғыдан да, техникалық тұрғыдан да, технологиялық тұрғыдан да жақсы дамыған. Ал облыстар арасында Оңтүстік-Қазақстан және Атырау облыстары бар. ***Тартымдылық көрсеткіші төмен өңірлер респонденттердің айтуы бойынша солтүстік өңір – Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, оңтүстік өңірлер – Жамбыл, Қызылорда облысы және Шығыс Қазақстан облысы.***

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі өздері тұрып жатқан елді мекенде жұмысқа тұрудың басты кедергісі жастардың тәжірибесіз болуы деп санайды, көрсеткіші 42,6%. Негізгі кедергілер рейтингінде екінші орынды «жалақының төмендігі» алды. Респонденттер жастардың жұмыссыздығын жұмыс берушілердің ұсыныстарының жас қызметкерлер талабына сай болмауымен байланыстырады. Себептер үштігінде аймақта бос жұмыс орнының болмауы бар.

Жетістіктерге жету үшін жастарда болуы тиіс негізгі ресурстар мен мүмкіндіктер қатарында Қазақстан жастары мыналардың бар екендігін айтты: жақсы білім, жоғары біліктілік, үш тілді білу – мемлекеттік тіл, орыс және ағылшын тілдері, таныстардың болуы. Сәтті тұрмыс құру (үйлену) көрсеткіші де бар.

## **5-тарау. Қазақстан жастарының құндылық ұстанымдары мен мінез-құлықтық дағдылары**

### **5.1. Жастардың құндылықтар иерархиясы**

Жас буын – бұл әлі қалыптасту үстіндегі ерекше әлеуметтік топ, олардың құндылық көзқарастары да, кәсіби ұстанымдары да әлі қалыптасу үстінде. Құндылықтар – салыстырмалы түрде тұрақты адами көзқарастың материалдық және рухани игіліктермен үйлесімділігі. «Құндылықтар – В.П.Тугариновтың жазуы бойынша, адамдарға мүддесі мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, идеяларын жүзеге асыру үшін қажет құрал».

Біздің ұғымымызда құндылық деген кез-келген материалдық немесе өзге мінсіз игілік, ол үшін тұлға, әлеуметтік топ пен қоғам күш салып еңбектенеді, сақтайды және иелік етеді.

Жастардың құндылыққа қатысты ұстанымдарын зертеу аса маңызды, себебі құндылық ұстанымдары тұлғаның өмірлік белсенді бағытты таңдауына негіз болып саналады, оның ерекше көзқарасын қалыптастырады. Бүгінгі экономикалық және саяси тұрақсыздық жағдайында жастардың құндылық иерархиясына үнемі мониторинг жасау керек, себебі жастардың дамуы – қоғамның дамуы.

Осы зерттеу аясында жастардың құндылық иерархиясын анықтау міндеті көзделген болатын. Ол үшін мына сұрақ сауалнамаға енгізілді: «**Сіз үшін өмірде ең маңызды құндылық не?**». Сауалнама нәтижелері Қазақстан жастарының негізгі құндылық ретінде отбасын атайтындығы көрсетті - 83,8%. Жалпылай әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында алынған мәліметтер негізінде заманауи қазақстандық жастар санасындағы аса маңызды құндылықтың отбасылық бақыт екендігі анықталды. Жауаптың бұл нұсқасын сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі (68,7%) таңдады.

Корреляциялық талдау жастар есейген сайын отбасы мен отбасылық бақытқа көңіл бөлетіндігінің артуын көрсетіп отыр. Бұл құндылықты адам өміріндегі басты құндылық деп жасы 14-18 аралығындағы жастардың 59,4%, 19-23 аралығындағы жастардың 69% және 29 жасқа дейінгілердің 73,5% белгіледі. Бұл құндылық қыздар арасында маңыздырақ болғанын байқаймыз (қыздардың 72% белгіледі), ал жігіттердің бұл құндылық бойынша көрсеткіштері төмендеу (65,3%). Абсолютті басымдық отбасылық құндылық бойынша тұлғалардың біліміне, табысына, жұмыспен қамтылуына және отбасылық мәртебесіне қарамастан байқалады.

Жастар санасындағы құндылықтар иерархиясы бойынша екінші орында денсаулық: жастардың 56,3% оны аса маңызды деп санайды. «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» деген сұраққа үш жауап таңдауға болатын, сондықтан, жауаптар жиынтығы жүз пайызды құрамайды. Отбасылық құндылық сияқты, денсаулықтың құндылығының артуы жасы ұлғайған сайын жоғары көрсеткішке ие (14-18 жас аралығында 51%, 19-23 жас аралығында 55,8% және 24-29 жас аралығында 59,3%).

Денсаулықтың аса бағалы екендігіне басты назар аударғандардың жас әйелдер екендігін аңғарамыз.

*38-кесте. «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген*

	%
Сенім, діни сенім	12,5
Отбасылық бақыт	83,8
Денсаулық	5,1
Материалдық қамтамасыздану, байлық	25,4
Адал достар	58,2
Қызметтік мансап	6,2
Қызықты жұмыс	14
Тәуелсіздік, дербес бостандық	24,6
Басқа адамдарға пайдалы болу мүмкіндігі	12,3
Шығармашылық, өз дарыныңды шыңдау мүмкіндігі	9,7
Нағыз махаббат	9,1
Атақ, танымалдылық	10,3
Билік, басшылық ету мүмкіндігі	2,4
Жауап бере алмаймын	0,2

Жастар арасында құндылық ретінде материалдық қамтамасыздану мен байлық үшінші орында (36,6%) тұр. Молшылықтың маңыздылығы (жоғарыда аталған отбасылық бақыт пен денсаулық сияқты) респонденттер жасы ұлғайған сайын артады – жастардың үш топтамасы бойынша сәйкесінше 37,9%, 38,5% және 39,9%. Мәліметтерді ұлттық ерекшелік бойынша қарастыра отырып, біз материалдық құндылықтың орыс ұлты (43,4%) мен басқа ұлт (қазақтар мен орыстардан басқа ұлттар) арасында жоғары екендігін аңғарамыз - 38,9%; қазақтар арасында бұл құндылықты сауалнамаға қатысқандардың 34,3% белгілеген (39-кесте).


**39-кесте. «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» сұрағына алынған жауаптар (ұлттық жіктелімде), % өрнектелген**

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Сенім, діни сенім	14,1	6,1	14,3
Отбасылық бақыт	83,8	82	86,7
Денсаулық	5,6	3,8	4,6
Материалдық қамтамасыздану, байлық	25,3	26,3	24,5
Адал достар	59,8	53,9	55,1
Қызметтік мансап	5,6	7,8	7,7
Қызықты жұмыс	14,5	14,2	9,7
Тәуелсіздік, дербес бостандық	21,3	33,9	29,6
Басқа адамдарға пайдалы болу мүмкіндігі	12,1	15,7	7,1
Шығармашылық, өз дарыныңды шыңдау мүмкіндігі	8,7	13,7	9,2
Нағыз махаббат	9,1	8,6	10,2
Атақ, танымалдылық	12	4,3	10,2
Билік, басшылық ету мүмкіндігі	2	3	4,6
Жауап бере алмаймын	0,2	0,3	0

Құндылықтар иерархиясында төртінші орынды Қазақстан жастары достыққа беріп отыр, «Адал достар» жауабын «Сіздің ойыңызша қандай құндылықтар адам өмірінде өте маңызды?» сұрағы бойынша сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігінен азы таңдаған (27%). Егер, бұл құндылықтың маңыздылығын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты қарастыратын болсақ, респонденттер ересек болған сайын көрсеткіштің төмендігі анық байқалады. 14-19 жас аралығында 40,2%, 22-23 аралығында 24,7%, 24 жастан бастап жоғары 21,6%.

Талдау көрсеткіштердің этникалық ерекшелікке де байланысты екендігін көрсетіп отыр. Қызметтік мансаптың құндылық ретінде маңыздылығы қазақтар мен орыстар арасында жоғары, ал басқа ұлт өкілдері үшін қызметтік мансаптың құндылық ретінде маңызы төмендеу.

**13-диаграмма. «Сіз өзіңіздің Қазақстанның азаматы екеніңізді мақтан тұтасыз ба?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Егер патриоттық ұстанымды қарастыратын болсақ басқа сұраққа жасалған талдауға назар аудару керек: «Сіз нені өз Отаным деп санайсыз?».


Зерттеу нәтижелері бойынша жастар Қазақстан Республикасын Отан деп санайды, қала/ауыл, үлкен Отан/кіші Отан деп бөлмейді. Бұл жауапты 14-29 жастағы қазақстандықтардың 57,3% таңдаған.

Адамның өз өміріне көңілінің толуы көптеген факторларға байланысты, материалдық игіліктерді, денсаулық жағдайын, қоршаған жақын ортаның болуын және оған сенім арту дәрежесін қоса алғанда. Одан өзге, өмірге қанағаттануына талдау жасауға халықтың басым бөлігіне тән ахуалмен танысу жатады.

Осы зерттеуді жүргізу төңірегінде заманауи қазақстандық жастардың өз өмірлеріне көңілдерінің толатындығының сапалық сипаттамаларын анықтау көзделген жоқ.

Жалпы жастардың негізгі әлеуметтік-демографиялық санаты бойынша аталған құндылықтарда ерекшеліктер жоқ, тек неғұрлым ауқаттылар арасында тәуелсіздік пен дербес бостандықтың маңызы басым. Егер, қаражаты ас-суына жетпейтіндер арасында бұл құндылықты 7,8% маңызды десе, табысы артқан сайын көрсеткіш те артады (14-диаграмма).

**14-диаграмма. «Сіз нені өз Отаным деп санайсыз?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**




Осылайша, әлеуметтік деңгейіне қарамастан, Қазақстан жастары бір-бірімен құндылықты анықтауда ортақ пікірге келді. Құндылықтар бойынша әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер айырмашылығы айтарлықтай емес, ең бастысы, гендерлік тұрғыда достық пен қызметтік мансаптың, жас ерекшелігі бойынша отбасы мен байлықтың аталатындығын көрсетеді, ұлттық ерекшелік бойынша қызметтік мансап маңызды болса, табысының мөлшеріне орай дербес тәуелсіздік маңызды деп бағаланады (40-кесте).

**40-кесте. Сіз нені өз Отаным деп санайсыз?» сұрағына алынған жауаптар (ұлттық жіктелімде), % өрнектелген**

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Қала, ауыл, ата-анасы тұратын	12,6	9,9	13,3
Қала, ауыл, туған жері	18,6	29,4	29,6
Қала, ауыл, қазір тұрып жатқан	7,9	8,1	6,6
Қазақстан Республикасы	60,6	49,4	50
Жауап бере алмаймын	0,4	3	0,5

Осыдан соң жастардың мүмкіндік болған жағдайда қайда тұрғысы келетіндіктері анықталды. Қазақстан жастарының көпшілігі Қазақстан Республикасын таңдайды, оны өз Отаным деп есептейді (68,7%) (15-диаграмма).

**15-диаграмма. «Сіздің қайда тұрғыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар, % өрнектелген**



Он адамның біреуі еуропалық елдерде тұрғысы келетінін айтты. Бұл ондық қыз балалардан тұрады. Жас әйелдер ерлерге қарағанда өмір сүру үшін Еуропа Одағы елдерін жиі таңдайды (12,4% - 8% сәйкесінше) (41-кесте).

**41-кесте. «Сіздің қайда тұрғыңыз келеді?» сұрағына алынған жауаптар (гендерлік жіктелімде), % өрнектелген**

	Ер адам	Әйел адам
Еуропада	8	12,4
Америкада	8,2	7,1
Реседде	6,3	8,4
Қытайда	2,2	1,6
Қазақстан – менің Отаным!	71,2	66,2
Оңтүстік Кореяда	0,1	0,5
Түркияда	0,3	0,7
Канадада	0,4	0
Жапонияда	0,4	0
Францияда	0	0,2
Жауап бере алмаймын	2,8	2,7

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша ел жастарының 89% жуығының өз өміріне көңілдері толады. Бұл санатқа біз өз өміріне толық қанағаттанатындарды (51,6%) және қанағаттанатын шығармын дегендерді (37,5%) қостық.

Жасқа байланысты жіктелген топтамалар бойынша аталған сұрақтың жауаптарын қарастырсақ, толық қанағаттанатын жастардың санының есейген сайын кемитіндігін көреміз.

## **5.2. Жастардың өмір сүру сапасы: кәсіпкерлік бастамалар мен бос уақыттың тиімді өткізілуін ұйымдастыру**

Талдаудың қорытынды бөлігі әлеуметтік зерттеу бойынша жастардың өмір сүру сапасын анықтауға арналған, кәсіпкерлік бастамалар мен жастардың бос уақыттарын тиімді өткізу мүмкіндіктері мен проблемалары қарастырылып отыр.

